# SARYARQA

6.09.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№34 (8148)



SAIASAT
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ 2-бет

QOǴAM
АКТИВТЕ ЖОЛДАУ ТАЛҚЫЛАНДЫ 4-бет

DÚBIR
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮЙШІЛЕР КОНКУРСЫ 5-бет

RÝHANIAT
ҰЛЫҚ ҰЛЫСТЫҢ АТАСЫ 6-бет


МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

## СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ мен ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ



***Құрметті отандастар!***
***Құрметті депутаттар, үкімет мүшелері!***

Баршаңызды жаңа парламенттік маусым-ның басталуымен **құттықтаймын!**

Біз еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз.

Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындады.

Осы уақыт ішінде **Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен** еліміз әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналды.

Баянды бірлігіміздің арқасында тәуел-сіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық.

Бұл **жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі** болды.

Еліміздің даму жолын бүкіл әлем мойындап, **Қазақстандық, яғни Назарбаев моделі** деп атады.

Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың **жаңа сапалы кезеңіне** шығару мүмкіндігі беріліп отыр.

Біз бұған Елбасы саясатының **сабақтастығын** сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе аламыз.

Өздеріңізге белгілі, осының бәрі менің **сайлау алдындағы бағдарламама** негіз болды.

Қазір мемлекеттік органдар оны жүзеге асыру үшін тиісті жұмыстар жүргізуде.

**Мен халыққа берген уәделерімді міндетті түрде орындаймын.**

Біз өз жұмысымызда Елбасы ұсынған **Бес институционалды реформа мен Ұлт Жоспарын** толыққанды жүзеге асыру қажеттігін басты назарда ұстауымыз керек.

Елбасымыздың бастамасымен құрылған **Жаңғырту жөніндегі Ұлттық комиссияның** жұмысын қайта жандандыру қажет.

Енді ортақ міндеттерімізді және сайлауалды бағдарламамды іске асыруға қатысты ой-пікірлеріме тоқталайын.

**I. ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТ**

Мен уәде еткен саяси жаңғыру үдерісі азаматтарымыз бен мемлекетіміздің мүд-делеріне сәйкес, **біртіндеп үздіксіз жүзеге асырылатын болады**.

Негізсіз, жүйесіз саяси ырықтандыру елдің ішкі саяси ахуалының тұрақсыздығына, тіпті **мемлекеттіліктен айырылуға** әкеліп соғатынын әлем елдерінің тәжірибесінен көріп отырмыз.

Сондықтан біз саяси реформаларды «асығыстыққа салынбай», керісінше, кезең-кезеңімен, табанды түрде және жан-жақты ойластырып жүзеге асыратын боламыз.

Еліміздің **қоғамдық-саяси** өмірін жаң-ғыртпай, табысты экономикалық рефор-маларды іске асыру **мүмкін емес.** Бұл – біздің ұстанатын басты қағидатымыз.

**«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет».**

Біз бұл мақсатқа әлі де жете қойған жоқпыз. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет.

Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет **тұрақтылығының негізі** саналады.

Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын **«Халық үніне құлақ асатын мемлекет»** тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет.

Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады.

Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет.

Осы мақсатпен біз белгілі қоғам өкілдерін қамтитын **Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін** құрдық. Бұл кеңес ротациялық тәртіппен жұмыс істейді.

Алдағы уақытта бізге мынадай шараларды жүзеге асыру керек.

**Бірінші. Партия құрылысы үдерісін жалғастыру.**

Көшбасшымыз және партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасында «Nur Otan» партиясы еліміздің жетекші саяси ұйымына жүктелетін күрделі әрі жауапты міндеттерді дәйекті түрде іске асырып келеді.

Біз қоғам игілігі үшін сындарлы саясат жүргізіп келе жатқан басқа да **саяси партиялармен және қозғалыстармен** ынты-мақтастықта жұмыс істеуіміз қажет.

Қоғамды толғандырып отырған негізгі мәселелер көшеде емес, Парламентте және азаматтық диалог аясында талқыланып, шешімін табуы тиіс.

Депутаттар Үкіметке өзекті мәселелерге қатысты сауалдарын жолдап, нақты шаралар қабылдауды талап ете отырып, өздеріне берілген заңды құқықтарын пайдалануы қажет.

Заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы қарым-қатынас жасанды тартысқа емес, іскерлік сипатқа, **өзара құрметке негізделуі тиіс.**

Мемлекет басшысы ретінде елімізде **көппартиялықты, саяси бәсекелестікті және ой-пікірдің сан алуандығын дамытуға** ықпал етуді өз міндетім деп санаймын.

Бұл саяси жүйе тұрақтылығының ұзақ болуы үшін маңызды.

Алдағы Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауы еліміздегі көппартиялық жүйенің дамуына оң ықпал етуі тиіс.

**Екінші. Халықпен тиімді кері байланыс орнату.**

Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің **негізгі басымдықтары** саналады.

►► *2-бетте*

### *Қымбатты жезқазғандықтар, құрметті қала қонақтары!*

Сіздерді шын жүректен айтулы оқиға – Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!

Жезқазған – өзінің даңқты тарихы бар ерекше қала. Біздің қаламыз қазақ халқының біртуар перзенті, ХХ ғасырдың ғұлама ғалымы, ұлы Қаныш Сәтбаевтың ашқан баға жетпес жаңалығының арқасында жұлдызы жанған Үлкен Жезқазғанның мұрагері болып табылады. Қазақстанның Мыс астанасы атанған шаһарымыз мыңдаған адамдардың Отанына, құтты мекеніне, отбасына, балалық шағында алаңсыз асыр салып ойнаған жанына жақын көшесіне, ауласына айналып кетті.

Біз бүгін Жезқазғанның негізін қалап, із қалдырған азаматтарға, алғашқы құрылысшыларға, бүгінде көзі тірі, қарапайым еңбегімен, ақ көңіл адал ниетімен осындай тамаша қаланы тұрғызуға және дамытуға зор үлес қосқан аға буын өкілдеріне шын жүректен алғыс айтамыз. Жастарымызды ізденіске, шығармашылыққа, жасампаздық істерге шақырамыз.

Қазіргі Жезқазған қарқынды дамып, өсіп келеді. Тек осы мерейтой жылы ғана 1938 сәби жезқазғандықтар дүниеге келді, 1824 бүлдіршіндер бірінші сыныпқа барды. 92179 тұрғынның 43573-і экономикалық белсенді болып табылады. Біз тұрғын үйлер, мектептер, спорт ғимараттарын, бизнес нысандарын салудамыз. Жыл басынан 43 тұрғын қоныс тойын тойлады, жыл соңына дейін тағы да 60 отбасы жаңа пәтерлердің кілттерін иеленеді. Шағын және орта бизнес белсенді дамуда. Темір - бетон бұйымдары зауыты, автомобильдік сүзгілер цехы, Ютария ЛТД тігін бұйымдары компаниясы, «Жезқазғансүт и К» сүт өнімдері компаниясы өз өнімдерін шығаруда, өнеркәсіптік реагент өндірісі зауыты, сондай-ақ құрылыс материалдары зауыты іске асырылу сатысында.

Қаламызға үлкен газ-көгілдір отын келді. Біз көшелерді, гүлзарларды, бақжолдарын, саябақтарды абаттандырып, жаңа су құбыры магистральдарын, жылу желілерін жаңартып, жаңа жолдар салудамыз. Аулаларды абаттандыруға арналған үш жылдық бағдарламаны бастап кеттік.

Біздің басты күре тамырымыз «Қазақмыс» корпорациясы Жыланды кен орнын (130 млн.т) игеруді бастауда, осыған орай Жезқазған кен орнын игеру тағы 45 жылға дейін ұзармақ.

***Қымбатты жезқазғандықтар, құрметті қала қонақтары!***

Бізді ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауы аясында үлкен оң өзгерістер күтіп тұр. Мемлекет басшысы «Қуатты аймақтар – қуатты мемлекет» деген ерекше бөлімінде: «Аудандық, қалалық және ауылдық деңгейдегі билік жергілікті маңызы бар міндеттерді шешу барысында экономикалық тұрғыдан мейлінше дербес болуы тиіс. Олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі заңнамалық актілерде нақты белгіленуі керек» – деп атап өтті, мұның өзі аймақтар дамуындағы жаңа кезең, жастар үшін тың серпіліс болып табылады.

Мыс – біздің табиғи байлығымыз. Бірақ, біздің ең басты байлығымыз – бұл осы берекелі жерде өмір сүретін, еңбек етіп, ұрпақ өсіретін, армандап, жоспар құрып, жасампаздық істерді жүзеге асырып жатқан халқымыз. Біз өз қаламызды, дәстүрлерімізді, жерлестеріміздің жетістіктерін мақтан тұтамыз. Отан үшін шайқастарда және станок басында тұрып, мыс балқытып, спорттық ареналар мен сахна төрінде, сондай-ақ ғылыми жетістіктермен Жезқазғанның даңқын асқақтатқан тұлғалар біз үшін әрдайым үлгі және абырой.

***Қымбатты жезқазғандықтар!***

Сіздерді сүйікті қаламыздың Туған күнімен құттықтаймыз! Бүгін біз үшін ерекше күн, ол бізді бірлікке шақырады. Жезқазғанның кемел болашағына сеніміміз мол! Сіз бен біз сол болашақты бүгін жасап жатырмыз. Әрқайсыңызға бақыт, береке, ізгілік тілейміз! Жезқазғанымыз гүлдене берсін! Көк айдынында Қазақстанның мыс астанасы – Жезқазғанның жұлдызы одан сайын жарқырасын!

Мереке құтты болсын!

***Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ***
***Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С.МЕДЕБАЕВ***


«SARYARQA»
ГАЗЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ ЖҮРІҢІЗ!
FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/
T.ME/SARYARQA/
@SARYARQA_GAZETI
WHATSAPP + 7 708 420 19 88


# ЖҰМАҚ МЕКЕН, ҚҰТ МЕКЕН

***Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы атап өтілді***

**Міне, жыл басынан бері күткен Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы да келіп жетті. Ән мен жырға арқау болған мысты өлке туған күніне арналған салтанатты жиын Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде « Жезқазғаным – жұмағым» деген атаумен өтті.**

Көрермендер залы Жезқазғанның бүгінде жері құт, қойнауы қазыналы алып шаһарға айналуына еңбегімен үлес қосқандарға және сол аға ұрпақтың даңқты жолын жалғастырған жезқазғандықтарға толды.Туған жердің кемел келешегі жолында аянып қалмауға бел буған жас толқын да осында. Жас ерекшелігі, түрі мен тілінде, тіпті ділінде айырмашылық бар оларды жүрегіндегі Жезқазғанға деген махаббаты біріктіреді. Сондықтан, жиынға қатысқан әрбір тұрғынның кеудесін мақтаныш кернеп, көзінен қуаныш оты сезіліп тұрды. Жиналғандар алдында сөз алып, қаланың бүгіні мен ертеңіне көз жүгірткен Қайрат Бегімов олардың мерекелік көңіл-күйін еселей түсті.

– Жезқазған – өзінің даңқты тарихы бар ерекше қала. Өткен ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының біртуар перзенті, ғұлама ғалым, Ұлы Қаныш Сәтбаев үлкен Жезқазғанның жұлдызын жақты. Біз, жезқазғандықтар, осы қазынаның мұрагері болып табыламыз. Қазақстанның мыс астанасы атанған шаһарымыз мыңдаған адамдардың Отанына, отбасына, құт мекеніне айналды. Біз бүгін Жезқазғанның негізін қалаған азаматтарға, алғашқы құрылысшыларға, қарапайым еңбегімен, адал ниетімен осындай тамаша қаланы тұрғызуға және дамытуға зор үлесі қосқан аға буынға шын жүректен алғыс айтамыз. Жастарымызды ізденіске, шығармашылыққа, жасампаз істерге шақырамыз, – деген қала әкімі биылдың өзінде 1824 нәресте дүниеге келіп, жезқазғандықтардың қатарын көбейткенін және олардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында әлеуметтік-мәдени маңызы бар нысандардың көптеп бой көтергенін тілге тиек етті. Биылдың өзінде 43 отбасы қоныс тойын тойласа, жыл соңына дейін тағы 60 отбасы қуанышқа кенелетін болады. Өндірісті қаланың шағын және орта бизнесте жеткен жетістіктері де баршылық. Жезқазғандықтардың көгілдір отынның қызығын көрер күні жақындады. Жағымды жаңалықтарды жіпке тізген Қайрат Баяндыұлы туған жердің гүлденуі мен өркендеуі жолында жұдырықтай жұмылуға шақырды да марапаттау рәсімін бастады.

Жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі табысты еңбегі, облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқандығы және Арыс қаласындағы апаттың салдарын жою жұмыстарына белсене қатысқаны үшін Қуанышбек Сансызбаев, Имантай Сәтбаев, Қарағанды облысының әкімі Алғыс хатымен марапатталды. Ал, Абай Байдилдаевқа Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрмет грамотасы тапсырылды.

Қаныш Сәтбаевтың арман қаласын өміршең еткен еңбек ардагерлеріне бұл күні көрсетілген құрмет пен қошемет зор. Қайрат Бегімов Қарағанды облысының Құрметті азаматы Мұзараф Аханов бастаған еңбек ардагерлеріне Жезқазған қаласының қалыптасуы мен дамуына, қазіргі заман талабына сай өркендеуіне айрықша үлес қосқаны үшін «Жезқазған қаласына 65 жыл» мерекелік медалін тақты. Марапат төрінен табылғандардың бәрі – өндірісте, денсаулық сақтау мен білім беру жүйесінде, әлеуметтік қамсыздандыру мен мәдениет, спорт саласында ерен еңбектің үлгісін көрсеткендер.



Дүбірлі тойды думансыз елестету мүмкін емес сияқты, Жезқазғанның туған күнінде оның сұлулығын жыр мен әнге қоспауға болмас. Бұл күні әннен шашу шашылып, күмбірлеген күй мен әсем би орындалды. Жезқазғанның киелі сахнасынан түлеген өнерпаздардың атынан әншашуын ала келген Айша Байбосынова мен эстрада әншісі Ренат Мальцаков та жиналғандарға ұмытылмас әсер сыйлады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ КЕҢЕСІНІҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

**Жұма күні Елордадағы Тәуелсіздік сарайында Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Оның жұмысына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты.**

– Бүгін өте жақсы пікір алмасу, жалпы әңгіме орын алды. Баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Жалпы, Ұлттық кеңес мүшелерінің интеллектуалдық деңгейі өте жоғары. Сондықтан бүгін өте тиімді, қызықты ұсыныстарды тыңдадық. Бұл ұсыныстарды жалпы мен қолдаймын. Келешекте амандық болса бәріміз бір ұжым болып іске асырамыз деп ойлаймын. Біздің ең құнды мақсат-міндет, ұғым – бұл еліміз, мемлекеттілік. Бәріміз Отанымызды сүйеміз. Бірақ, жай ұрандар тастамай, нақты қадамдарымызды жасауымыз керек, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Ұлттық кеңес мүшелерінің пікірлерімен көбіне келісуге болатындығын айтты.

– Сондықтан оларды бір құжатқа жинап, сараптама жасап, тез арада іске асыруымыз керек. Келешекте басқа мүшелер осы залда амандық болса пікірлерін айтады деп ойлаймын. Жалпы айтқанда қазір бізге үлкен құжат, жоспар қажет. Әрбір салада жеке жоспар дайындауымыз керек. Алдымызда тұрған мақсаттар өте ауқымды, күрделі деп айтуға болады, – деген Қасым-Жомарт Тоқаев

### БАНК НЕСИЕСІН ЖАБУҒА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМЕТТІ ҚАЙДАН АЛУҒА БОЛАДЫ

**ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде жұмыс істейтін 111 call-орталығының мамандары азаматтарға борыш жүктемесін азайтудың барлық мәселелері бойынша кеңес береді.**

ҚР Президентінің 2019 жылғы 26 маусымдағы Жарлығына сәйкес банктер мен микроқаржы ұйымдарында кепілсіз тұтынушылық қарыздары бар 5 санаттағы азаматтар үшін бір реттік акция тәртібінде мемлекет жалпы көлемі 300 мың теңгеге дейін негізгі борышты және ол бойынша есептелген өтемақыны төлейді. 300 мың теңгеден асатын қарызы барлар 300 мың теңге көлемінде қарызының бір бөлігін өтейді. Бұл ретте, олардың жалпы қарызы ағымдағы жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша 3 миллион теңгеден аспауы тиіс.

ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес азаматтардың санаттары келесі: көпбалалы отбасылар; мүгедек балалары бар отбасылар, бала кезінен мүгедектігі бар 18 жастан асқан азаматтар; жалғыз асыраушысынан айрылған отбасылар; атаулы әлеуметтік көмек алушылар; жетім балалар.

«Жоғарыда көрсетілген санаттағы азаматтардың тізімін қалыптастыру орталық мемлекеттік органдардың (бұдан әрі – ОМО) ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде жүзеге асырылды. Атап айтқанда, ҚР Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – БҒМ) жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған балалардың, 23 жасқа дейінгі студенттердің тізімін ұсынды. ҚР Әділет министрлігі «Азаматтық хал актілерінің жазбалары» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) ерлі-зайыптылар немесе ата-аналар бойынша өзекті азаматтық хал актілері (неке және туу туралы) актілері бойынша мәліметтерді тексеруді жүзеге асырды», делінген хабарламада.

Нәтижесінде Жарлыққа сәйкес азаматтардың тізімі (шамамен 2,08 млн адам) және олардың отбасы мүшелерінің тізімі (шамамен 465 мың адам) қалыптастырылды. Бұл екі тізім (жалпы алғанда 2,289 млн бірегей адам) бірегейлікке тексерілді және ҚР Ұлттық банкі мен Мемлекеттік кредиттік бюроға берілді. Өз кезегінде, ҚР Ұлттық банкі тізімнен: кредиті жоқ, жалпы қарызы 3 млн теңгеден асатын, берешектері коллекторлық ұйымдарға берілгендерді тізімнен алып тастады. Нәтижесінде 630 633 қарыздар мен микрокредиттер бойынша берешекті өтейтін 506 941 борышкердің тізімі жасалды.

Электрондық үкімет порталындағы «Борыш жүктемесін азайтуға арналған бағдарламаға қатысу мәртебесін тексеру» электрондық қызметін қолдана отырып, қарызды өтеуге жүгінетін азаматтардың тізімге енгізілгенін тексеруге болады. Ол үшін ЭЦҚ қажет.

«Жарлық пен ҚР Ұлттық банкінің критерийлеріне сәйкес келуі тиіс азаматтардың тізімде болмауының басты себебі тізімде ОМО ақпараттық жүйелерінде олардың мәртебесі туралы өзекті деректердің болмауында. Атап айтқанда, АХАЖ АЖ-да неке немесе балалардың туу туралы жазбалардың болмауы жиі кездеседі. Осыған байланысты кредиті бар азаматтар отбасы құрамынан, яғни Жарлыққа сәйкес келетін санаттардан шығып қалады. Бұл себеп: асыраушысынан айырылуына байланысты төлем алатын отбасылар; мүгедек балалары бар отбасылар; 18 жастан асқан бала жасынан мүгедек балалары бар отбасылар; атаулы әлеуметтік көмек алушылар сияқты басқа санаттар бойынша да болуы мүмкін», делінген хабарламада.

Сондай-ақ, тізімде болмауының себебі көпбалалы отбасының мемлекеттік органдарға жәрдемақы алу үшін жүгінбеуіне және ешқандай ақпараттық жүйеде болмауына байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар, БҒМ-ның ақпараттық жүйесінде 4 мыңнан астам жетім бала, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған 29 жасқа толмаған ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар бойынша мәліметтер жоқ.

Егер тізімде болмаса, азаматтар ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің базасында жұмыс істейтін call-орталыққа 111, 74-32-20, 75-01-79, 75-01-78 телефон нөмірлері арқылы хабарласа алады, онда оларға әрі қарай не істеу керектігі туралы кеңес беріледі.

### ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

**Қарағанды облысы әкімінің ішкі саясат және әлеуметтік сала жөніндегі орынбасары болып Абзал Нүкен тағайындалды.**

Абзал Нүкенұлы Нүкенов 1978 жылы туған. Саяси ғылымдар кандидаты. Әр жылдары «Отан» РСП орталық аппаратында, Алматы қаласы ішкі саясат департаментінде түрлі лауазымдар атқарған. Алматы қаласы Әуезов ауданында әкім орынбасары, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде заманауи зерттеулер институтының директоры, ҚР Қауіпсіздік кеңесінің Ситуациялық орталығының сектор меңгерушісі, орталық жетекшісі, ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінде вице-министр болған.

2018 жылдан бері «Астана» Халықаралық ғылыми кешені директорлар кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарған.

### ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

**Қалалық әкімдікте Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары Асылбек Дүйсебаевтың төрағалығымен жол жөндеу жұмыстарына арналған жиын өтті. Оған Жезқазған қаласы әкімінің міндетін атқарушы А.Мұхамбедин, Сәтбаев қаласының әкімі А.Ыдырысов, қос қаланың жауапты мекемелерінің, мердігер кәсіпорындардың басшылары қатысты.**

Жиында Қарағанды облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Әскербек Халтонов, «Қазавтожол» АҚ Қарағанды облыстық филиалы директорының орынбасары Қанат Шаймин, Жезқазған қаласы әкімінің міндетін атқарушы Аманғали Мұхамбедин, Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Ыдырысов атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

Жезқазған қаласы әкімінің міндетін атқарушы Аманғали Мұхамбединнің айтуынша биыл Жезқазғанда 14 көше мен 10 ауланың жолдары жөнделуде. Ол жолдардың жалпы ұзындығы 21 шақырымды құрайды. Осы жұмыстарға барлығы 1 млрд 071,2 млн теңге қаражат бөлінген, бүгінде бөлінген соманың 61,2 пайызы игерілген.

Жөнделетін жолдардың ішінде Бекболатсай, Қостанкелдісай елді-мекендерінің көшелері де бар екенін айта кеткен жөн. Бүгінгі таңда жөндеу жұмыстары кестеге сай жүруде, жоспар бойынша қыркүйек айының ішінде барлық жұмыс аяқталады.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

# СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ мен ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ

*(Жалғасы. Басы 1-бетте.)*



Президент Әкімшілігінде азаматтардан келіп түскен өтініштерді мемлекеттік органдардың сапалы қарауын қадағалап, жедел шаралар қабылдайтын бөлім құрылды.

Көп жағдайда азаматтарымыз орталық және жергілікті органдар басшыларының құлықсыздығы мен «бейқамдығына» байланысты Президентке жүгінуге мәжбүр болады.

Белгілі бір саладағы шешімдердің әділетсіздігіне қатысты жолданатын көптеген шағымдар нақты мемлекеттік органда немесе аймақта күрделі түйткілдер бар екенін көрсетеді. Енді бұл мәселеге дәл осы тұрғыдан қарап, тиісті шешімдер қабылдаған жөн.

Мемлекеттік қызметшілер жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында арнайы дайындығы бар жас кадрларды тарту қажет. Сонымен бірге 2020 жылдан бастап біз **мемлекеттік қызметшілердің санын біртіндеп қысқартуға кірісіп,** үнемделген қаражатты **неғұрлым пайдалы қызметкерлерді** ынталандыруға жұмсаймыз.

2024 жылға қарай мемлекеттік қызметшілердің және ұлттық компаниялар қызметкерлерінің санын **25 пайызға** қысқарту қажет.

**<u>Үшінші.</u> Митингтер туралы заңнаманы жетілдіру.**

Конституцияға сәйкес азаматтарымыздың өз ойын еркін айтуға құқығы бар.

Егер бейбіт акциялар заңның шеңберінен шықпайтын және азаматтарымыздың тыныштығын бұзбайтын болса, бұған түсіністікпен қарап, жиындарды өткізу үшін арнайы орын бөлу қажет. Мұндай орындар қаланың шетінде болмауы тиіс.

Алайда, заңға қайшы және бұзақылық әрекеттерге шақыратын үндеулерге заң шеңберінде тосқауыл қойылады.

**<u>Төртінші.</u> Қоғамдық келісімді нығайту.**

Әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы келісім – **бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі.**

Осыған орай, саяси үрдістерді саралап, **бірлігімізді нығайта түсу** үшін нақты шаралар қабылдау керек.

Қазақ халқының **мемлекет құраушы ұлт ретіндегі** рөлін бекемдеп, этносаралық татулық пен дінаралық түсіністікті қалыптастыра беруіміз қажет.

Біздің ұстанымымыз: **<u>«Ел бірлігі – оның әралуандығында!».</u>**

Еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай береміз.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, **<u>ұлтаралық қатынас</u> тіліне айналатын кезеңі** келеді деп есептеймін.

Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз **даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс** жүргізуіміз керек.

Сондай-ақ, тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн.

Белсенді азаматтық қоғам құру үшін **үкіметтік емес ұйымдардың беделін арттыру** қажет деп санаймын.

Сондықтан, жақын арада **Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын** әзірлеп, қабылдауымыз керек.

Келер жылы аталып өтетін маңызды мерейтойлар мен елеулі оқиғаларға дайындық жұмыстары басталды.

Ендігі жылы бәріміз **Әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық** мерейтойларын атап өтеміз.

Мерейтой барысында **ысырапшылдыққа жол бермей,** ғұлама тұлғаларымыздың еңбектерін халық арасында **дәріптеуіміз керек.**

Сондай-ақ, ең маңызды мерекеге – **Тәуелсіздіктің 30 жылдығына** байланысты тиісті іс-шараларды іске асыруымыз қажет.

Ел өміріндегі осындай елеулі оқиғалар жас ұрпақты **нағыз отаншылдыққа** тәрбиелеуге жол ашады деп сенемін.

### II. АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы.

**Сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін** бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажет.

Судьялардың заңды және ішкі сенімді басшылыққа алып, шешім шығару құқығы мызғымас сипатқа ие.

Дегенмен, сот шешімдерін мұқият талдау жұмысын жолға қойып, бірыңғай сот тәжірибесін орнықтыру қажет.

Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады.

Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді.

Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде **әкімшілік әділет құрылымын** енгізу қажет.

Бұдан былай дауларды шешу барысында сот қосымша айғақтар жинау бастамасын көтеруге құқылы.

Аталған **дәлелдемелерді жинақтау міндеті** жеке азаматқа немесе бизнеске емес, **мемлекеттік органға жүктелетін болады.**

Заңнамадағы барлық қарама-қайшылық-тар мен дүдәмал тұстар **азаматтардың мүдделерін ескере отырып, түсіндірілуі тиіс.**

Келесі бір маңызды мәселеге тоқталайын.

Біз шамадан тыс қудалау шаралары мен сот төрелігінің қатаң жазалау тәжірибесінен бас тарттық. Алайда, елімізде ауыр қылмыстардың саны азаймай тұр.

Біз заңнамамызды ізгілендіру ісіне көбірек мән беріп, **азаматтардың негізгі құқықтарын** назардан тыс қалдырдық.

**Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық** және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет. Бұл мәселені шешуді Парламентке және Үкіметке тапсырамын.

Соңғы уақытта болған қайғылы оқиғалар ұйымдасқан қылмыстың тағы бір түрі – **браконьерлік проблемасының** бетпердесін ашты.

Бүгінде браконьерлер сақадай-сай жаб-дықталып, қаруланған және өздерінің жазалана қоймайтынына сенімді. Биылдың өзінде жануарлар әлемін қорғап жүрген екі инспектор браконьерлердің қолынан қаза тапты.

Жақында Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл көлінде браконьерлердің қылмыстық тобы ұсталды.

Бұл тек бір ғана мысал, алайда браконьерліктің тамыры тереңге жайылған, соның ішінде бұл құқық қорғау органдарының салғырттығынан болып отыр. Браконьерлер ұлттық байлығымыз – табиғатымызға аяусыздықпен орны толмас зиян келтіруде.

Үкіметке екі ай ішінде тиісті заңнаманы қатайту үшін шұғыл шаралар қабылдауды тапсырамын.

**Сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күресу** мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ.

Орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне **сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама** жүргізу ісін қайта қалпына келтіру қажет. Бұған сарапшылар мен қоғам өкілдері де атсалысуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған **мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігін** заңнамалық және нор-мативтік тұрғыдан нақты белгілеу керек.

Сондай-ақ, **заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек.** Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жоқ.

**Кінәсіздік презумпциясы қағидаты** толық көлемде сақталуы тиіс.

**Құқық қорғау жүйесін толық реформалау** – аса маңызды міндеттердің бірі.

Полицияның мемлекеттік күштік құрылымындағы бейнесі бірте-бірте өзгеріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтарға **қызмет көрсететін органға** айналады.

Ең алдымен, 2020 жылдың аяғына дейін **Әкімшілік полиция комитетінің жұмысын қайта ұйымдастыру** қажет. Мұны науқаншылдыққа айналдырмай, сапалы жүргізген жөн.

Полицейлер жұмысының тиімділігі полиция қызметінің **беделді** болуына байланысты.

Ішкі істер министрлігін реформалауға алдағы үш жыл ішінде **173 миллиард теңге** бөлінеді.

Бұл қаражат еңбекақыны көбейтуге, баспананы жалға алуға, халыққа қызмет көрсету қағидаты бойынша полицияның заманауи фронт-офистерін ашуға жұмсалады.

Азаматтарды **табиғи құбылыстар мен техногендік сипаттағы апаттардан қорғау** мәселесіне баса мән беріледі.

Өкінішке қарай, мұндай апаттар біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде жиілеп кетті.

Бұл салада кәсіби мамандар жұмыс істеуі керек.

Үкіметке **азаматтық қорғаныс саласы қызмет-керлерінің еңбекақысын Ішкі істер органдарын рефор-малау үшін берілетін қаражат есебінен көбейтуді** және осы мақсатқа сәйкес шамамен **40 миллиард теңге** бөлуді тапсырамын.

Біздің алдымызда жаңа тұжырымдама негізінде **тегеурінді әскер қалыптастыру міндеті тұр.**

Арыста болған оқиғалар Қарулы Күштерде түйткілді мәселелер қордаланып қалғанын көрсетті.

Әскерге жұмсалатын шығыстарды реттеп, осы саладағы қаржы жүйесін және жалпы тәртіпті нығайтатын кез келді.

Сонымен бірге әскери қызметтің беделін арттырып, Қарулы Күштердің материалдық базасын нығайту қажет.

Отанына адал, кәсіби тұрғыдан дайындалған офицерлері мен әскери қызметшілері бар армиямыз жаңа геосаяси жағдайларда ел қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қатерлерге тойтарыс беруге дайын болуы керек.

### III. ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫҒАН және ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКА

Қазақстан экономикасы жаһандық сипаттағы қиындықтарға қарамастан алға ілгерілеп келеді.

Жыл басынан бері оның өсімі орташа әлемдік көрсеткіштен жоғары болды.

Егер қажетті құрылымдық өзгерістерді жүзеге асырсақ, 2025 жылға қарай **ішкі жалпы өнімнің жыл сайынғы тұрақты өсімін 5 пайызға және одан да жоғары деңгейге** жеткізуге болады.

Экономиканың дамуына тың серпін беру үшін Үкімет пен Президент Әкімшілігі отандық және шетелдік сарапшылардың барлық жұмыстарын мұқият саралауы қажет.

Елбасы ұсынған 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясына және Ұлт Жоспарына сәйкес бірқатар құрылымдық міндеттерді іске асыруымыз керек.

**<u>Бірінші.</u> Шикізатқа байланған менталитеттен бас тартып, экономиканы әртараптандыру.**

«Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллекті жаһандық дамудың негізгі факторларына айналды.

**Индустрияландырудың үшінші бесжылдығын** жүргізу барысында жіберілген барлық қателіктерді, олқылықтарды ескеруіміз керек.

Бұл мәселелер бойынша менің барлық тапсыр-маларымды, ескертпелерімді Үкімет **толық орындауға** міндетті.

**Еңбек өнімділігінің нақты өсімін кем дегенде 1,7 есеге** арттыруымыз керек.

Елімізді **өңірдегі көшбасшы** ретінде танытып, Орталық Азиядағы беделімізді арттыру – **стратегиялық міндет.**

Бұл – Елбасы айқындаған **<u>саяси бағыт-бағдарымыз.</u>**

**<u>Екінші.</u> Квазимемлекеттік сектордың қайтарымын арттыру.**

Біздің мемлекеттік компаниялар **ірі конгломераттарға** айналды. Бірақ олардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігі күмән тудырады.

Мемлекеттің экономикаға орынсыз араласуын азайту мақсатымен квазимемлекеттік компаниялар құруға **мораторий** енгізу жөнінде шешім қабылдадым.

Біз **Ұлттық әл-ауқат қоры** құрылған 14 жыл ішінде халықтың әл-ауқатын арттыруға Қордың нақты қандай үлес қосқанын білуіміз керек.

Үкімет Есеп комитетімен бірлесіп, үш айдың ішінде мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың **тиімділігін анықтау үшін талдау** жүргізуі тиіс.

Квазимемлекеттік компаниялар көп жағдайда өзара бәсекеге түседі.

Тұрғын үй саясаты саласында бір мезетте **7 мемлекеттік оператор** жұмыс істейді. Бұл тек орталық деңгейдегі ахуал!

**Мемлекеттік компаниялардың санын қысқартуға болады және солай ету керек.**

Бірақ, **стратегиялық секторларда** жұмыс істейтін мемлекеттік компаниялардың қызметіне мұқият болған жөн.

Ондай компаниялар мемлекет бақылауында болуы тиіс.

Әйтпесе, мемлекеттік монополистердің орнына жеке монополистер пайда болып, соның салдарынан зардап шегуіміз мүмкін.

Үкімет **баға белгілеу және тарифтер мәселесімен** жүйелі әрі нақты айналысуы керек.

Бұл **табиғи монополистердің** тауарларына да, көрсететін қызметтеріне де қатысты.

Елімізде азық-түлік пен киім-кешектен бастап, түрлі қызметтерге дейін **бағаның жоғары** екені жасырын емес.

Мысалы, сұранысы жоғары бағдарлар бойынша негізгі әуе тасымалдаушы белгілейтін билеттердің құны неге сонша қымбат?! Оның бағасы Еуропаға қарағанда **30 пайызға артық.** Біздің әуежайда көрсетілетін қызметтер құнының салыстырмалы түрде жоғары болуын қалай түсіндіруге болады?

Қазақстан әуежайларында жанармай шетелдік тасымалдаушылар үшін қымбат бағаға, ал отандық тасымалдаушыларға арзанға сатылатыны неліктен?

Соның салдарынан Қазақстанның авиация саласы халықаралық бәсекеге қабілеттілігінен айырылып, транзиттік әлеуетіміз төмендеп кетті.

**Тиісті министрлік пен ведомстволардың салғырттығына байланысты** темір жол билеттерінің тапшылығы қолдан жасалып отыр.

Бұл салаларда тез арада тәртіп орнату керек.

Біздің мақсатымыз – мемлекеттің тұрақтандырушы рөлін сақтай отырып, **нарықтық институттар мен құрылымдардың** толыққанды дамуын қамтамасыз ету.

Осы ретте, «қарапайым заттар экономикасын» естен шығармаған жөн. Бұл – біздің жұмысымыздың басым бағыты.

**<u>Үшінші.</u> Тиімді шағын және орта бизнес – қала мен ауылды дамытудың берік негізі.**

**Шағын, әсіресе, микробизнес** еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады.

Атап айтқанда, ең алдымен, ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс береді, жұмыссыздықты азайтады. Сонымен қатар, салық базасын құрап, жергілікті бюджетті нығайтады.

Сондай-ақ, жаппай кәсіпкерлікті дамыту санаға сіңген **патерналистік пиғыл мен масылдықтан** арылуға мүмкіндік береді.

Сондықтан мемлекет алдағы уақытта да бизнеске қолдау көрсете береді.

Бұл мақсатқа Ұлттық қордан **100 миллиард теңгеге жуық** қаржы бөлінді.

Бірақ сарапшылардың пікірінше, қаржылай қолдаудың игілігін жергілікті билікпен **байланысы бар шаруашылықтар ғана** көріп отыр.

Шын мәнісінде, жаңа жобалар бойынша компаниялар құрылып, жұмыс орындары ашылуы керек еді.

Бұл «қарапайым заттардың экономикасына» тікелей байланысты.

Бірақ, жергілікті әкімдер **ұйымдастыру жұмыстарын талапқа сай орындамаған.**

Соның салдарынан салық және зейнетақы төлемдерін арттырып, жергілікті бюджетті нығайтуға жағдай жасалып отырған жоқ.

Осыған орай, **Есеп комитетіне және Қаржы министрлігіне қаражаттың жұмсалуын қатаң бақылауға алуды тапсырамын.**

Елімізде кәсіпкерлікті дамытудың үлгі боларлық мысалдары жеткілікті. Біз шағын кәсіпкерлікті бүкіл қоғам болып қолдауымыз керек.

Үкіметке **микро және шағын бизнес саласындағы компанияларды табысқа салынатын салықтан үш жылға босату** үшін заңнамалық база әзірлеуді тапсырамын.

Заңнамаға енгізілетін тиісті түзетулер 2020 жылдан бастап күшіне енуі керек.

2020 жылғы қаңтардан бастап, микро және шағын бизнес субъектілеріне **тексеріс жүргізуге үш жылға тыйым салу туралы шешімім** күшіне енеді.

Біз бизнестің **адал әрі заңға сәйкес** жүргізілетініне сенеміз. Бизнес өкілдері **тұтынушылар мен азаматтар алдында жауапты болуы тиіс.**

Мораторий кезеңінде **өзін-өзі реттеу, қоғамдық бақылау тетіктерін жандандыру керек.**

Бизнес өкілдері санитарлық-эпидемиологиялық саладағы нормалар мен ережелерді бұзатын болса, ондай компаниялар **жабылып,** иелері **жауапкершілікке** тартылады.

Осылайша, шағын бизнеске түсетін **ауыртпалықты азайтамыз.**

Сонымен қатар бизнес өкілдері **құқық қорғау және тексеруші** органдардың іс-әрекетіне байланысты көптеген қиындыққа тап болуда.

**Шағын және орта бизнеске қатысты рейдерлік әрекеттер** жиілеп кетті.

Бұл мәселе жөніндегі ұстанымым **белгілі:** бизнестің, әсіресе шағын және орта бизнестің дамуына кедергі келтіретін әрекеттер **мемлекетке қарсы қылмыс** деп танылуы тиіс.

Осыған орай **заңнамалық сипаты бар** қосымша шаралар қабылдау қажет. Парламент пен Үкімет осы мәселені шешу жолдарын ұсынуы керек.

Сонымен қатар **көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылды** күшейтіп, капиталды сыртқа шығаруға, салық төлеуден жалтаруға қарсы күресті жандандыру қажет.

Шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан **қаржылай** қолдау көрсету жүйесін **жаңа жобаларға** басымдық бере отырып, қайта құру қажет.

Үкіметке «Бизнестің жаңа жол картасы» аясында осы мақсатқа сәйкес алдағы үш жыл ішінде қосымша **250 миллиард теңге** бөлуді тапсырамын.

Әлеуметтік бағыттарға – отбасы бизнесін құруға, ең алдымен, көп балалы және жағдайы төмен отбасыларға баса мән бере отырып, бизнеске қолдау көрсетудің жаңа тәсілдерін енгізу керек.

**Туризмді,** әсіресе экотуризм мен этнотуризмді дамытуға экономиканың маңызды саласы ретінде баса мән беру қажет.

**Алтын Орданың 750 жылдығын** төл тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристер назарын аудару тұрғысынан атап өткен жөн.

Туризмді дамыту үшін қажетті инфрақұрылым жүргізуді, соның ішінде жол салып, білікті мамандар дайындауды қамтамасыз ету қажет.

**<u>Төртінші.</u> Ұлттық бизнеске халықаралық нарықтарда қолдау көрсету.**

Өз өнімін экспортқа шығаратын компанияларға мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімділігін барынша арттыру керек.

Мен, ең алдымен, **орта бизнес туралы айтып отырмын.**

Бізде **кәсіпкерлердің осы** тобына арналған нақты мемлекеттік қолдау шаралары жоқ. Бұл, әсіресе, өнімді сату ісіне қатысты.

Үкіметке мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында **өнімділігі жоғары орта бизнеске қолдау көрсетудің** кешенді шараларын әзірлеуді тапсырамын. Соның ішінде салықтық, қаржылық, әкімшілік ынталандыру мәселелері көзделуі тиіс.

**Шетелден тікелей инвестиция** тарту жұмыстарын барынша жандандыру қажет. Онсыз алдағы уақытта экономикалық өсім резерві шектеулі болады. Бұл – атқарушы билік басымдық беруі тиіс міндеттердің бірі.

Қазақстанның 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары аясында әрбір сала мен өңір үшін нақты мақсатты көрсеткіштер белгіленген.

Мемлекеттік органдар, әсіресе, өңір әкімдері сол көрсеткіштерге қол жеткізуге **тікелей жауапты болады.**

Қазақстан **цифрлық экономиканы** дамытуды көздеп отыр.

Осыған орай көп жұмыс атқаруымыз керек.

Біздің міндетіміз – ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымның даму деңгейі бойынша өңірдегі көшбасшылықты нығайту.

Үкімет заңнаманы 5G, «Ақылды қалалар», «Үлкен деректер», блокчейн, цифрлық активтер, жаңа цифрлық қаржы құралдары сияқты **тың технологиялық құбылыстарға** бейімдеу қажет.

Қазақстан **технологиялық серіктестік орнату,** мәлімет орталықтарын құру және орналастыру, мәліметтер транзитін дамыту, цифрлық қызметтердің жаһандық нарығына қатысу үшін **ашық юрисдикция ретінде өзіндік брендке айналуы** тиіс.

Үкімет «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметіне қолдау көрсете беруі керек. Бұл құрылым, шын мәнінде, конституциялық мәртебеге ие болды. Халықаралық қаржы орталығының Назарбаев Университетімен бірлесіп, заманауи цифрлық технологияларды дамыту алаңы айналуына толық мүмкіндігі бар.

**<u>Бесінші.</u> Дамыған агроөнеркәсіп кешені.**

Ауыл шаруашылығы – біздің **негізгі ресурсымыз,** бірақ оның әлеуеті толық пайдаланылмай отыр.

Ел ішінде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие **органикалық және экологиялық таза** өнім өндіру үшін зор мүмкіндіктер бар.

Біз **суармалы жер** көлемін кезең-кезеңмен 2030 жылға қарай 3 миллион гектарға дейін ұлғайтуымыз керек.

Бұл ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін 4,5 есе арттыруға мүмкіндік береді.

Сауда және интеграция, ауыл шаруашылығы министрліктері **фермерлерге өз өнімін сыртқа шығарып сату үшін барынша қолдау** көрсетуі тиіс.

Осыған орай Үкіметке тиісті тапсырма берілді. Бұл – маңызды міндет.

Ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау ісінде шикізатқа негізделуден бас тарту керек.

Өнім өңдейтін кәсіпорындар әлеуетінің 40 пайызы ғана пайдаланылып отырғанына қарамастан, оның көлемі 70 пайызға жетті.

Ауыл шаруашылығына шетелден инвесторлар тарту – маңызды міндет. Келіссөздер жүргізіліп жатыр. Үкімет нақты нәтижеге қол жеткізуі керек.

Жұртшылықты толғандырып жүрген жер мәселесіне арнайы тоқталғым келеді.

►► *3-бетте*

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

*(Соңы. Басы 1,2-беттерде.)*

Мемлекет басшысы ретінде тағы да мәлімдеймін: **жеріміз шетелдіктерге сатылмайды**. Оған жол берілмейді.

Бұл мәселе бойынша қауесет таратуды доғару керек. Бірақ жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету – біздің міндетіміз.

**Жер ресурстарын тиімсіз пайдалану** мәселесі өте өзекті болып отыр. Жерге салынатын тікелей салықтар деңгейінің төмендігі жағдайды күрделендіре түсті.

Мемлекеттен жерді тегін жалға алу құқығына ие болғандардың көпшілігі **жерді игермей, босқа ұстап отыр.**

Елімізде «шөп қорыған иттің» кебін киген **«латифундистер»** көбейіп кетті.

Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайтарып алатын кез келді. Жер – біздің ортақ байлығымыз және оны кім игерсе, соған тиесілі болуы тиіс.

Үкімет пен Парламент осы түйткілді реттеудің тиімді жолдарын ұсынуы керек.

Бұл – өте маңызды мәселе. Мұны шешпей, отандық агроөнеркәсіп кешенінің сапалы дамуы мүмкін емес.

Бүгінде ет өндірісін ұлғайту мәселесі аналық мал басының проблемасына тіреліп тұрған жоқ, керісінше фермерлерге **жем-шөп дайындайтын жерлердің жетіспеушілігіне байланысты** болып отыр.

Жем-шөппен қамтамасыз ету көрсеткіші 60 пайыздан төмен.

**Ауыл тұрмысының сапалы болуын қамтамасыз етпей,** ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру мүмкін емес.

Біз Елбасының **«Ауыл – Ел Бесігі»** арнайы жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз.

Біз шағын елді мекендерді дамытуға қабілетті экономиканы қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларды және жобаларды жүзеге асыру үшін ғана бөлінуі керек.

Кепілдендірілген трансферт көлемі 2022 жылдан бастап бірте-бірте **2 триллион теңгеге** дейін азаюы тиіс.

Қор қаржысын пайдаланудың анағұрлым **тиімді инвестициялық саясатын** жүргізген жөн.

Үкіметке Ұлттық Банкпен бірлесіп, жыл соңына дейін **Ұлттық қордың қаржысына иелік етуді жетілдіру үшін** нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын.

**<u>Сегізінші.</u> Еңбекақы төлеу деңгейін арттыру.**

Кен өндіру саласындағы ірі кәсіпорындардың табысы артқанмен **азаматтарымыздың жалақысы** айтарлықтай өспегенін көріп отырмыз. Халықтың әлеуметтік жағдайы туралы айтылып отырғандықтан, Үкімет бұл мәселеде **табандылық танытуы** керек.

Үкіметке **еңбекақы төлеу қорын арттыру үшін** жұмыс берушілерді **ынталандыру** мәселесін пысықтауды тапсырамын.

**IV. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ**

Еліміздің бюджеті екі негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс – экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу.

Әлеуметтік салада мынадай бағыттарға **баса мән** беру керек.

**<u>Бірінші.</u> Білім беру сапасын жақсарту.**

Біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ.

Шын мәнінде, мамандар даярлаудың айрықша назар аударуды талап етеді.

Барлық жастағы ел азаматтары арасында **бұқаралық спортты** дамыту маңызды.

Спорт инфрақұрылымының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек.

Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шыңына шығатын пирамидаға айналуы тиіс. Бұл салауатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастырды.

Осы бағдарды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, сондай-ақ **Бұқаралық спортты дамыту жөніндегі кешенді жоспар** қабылдау қажет.

2020 жыл **«Волонтер жылы»** деп жарияланды. Еріктілер қызметіне азаматтардың, әсіресе жастардың, студенттер мен оқушылардың қатысу аясын кеңейту, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымдарға қатысты дағды қалыптастыру – маңызды міндет.

Бұл – азаматтық қоғамды нығайту жөніндегі жұмысымыздың маңызды құрамдас бөлігі.

**<u>Үшінші.</u> Медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.**

Бұл жерде халықтың денсаулығына байланысты, әсіресе, **ана мен сәби өліміне қатысты** көрсеткіштердің өңірлік теңгерімсіздігі айқын көрінеді.

Дегенмен, бұл көрсеткіш төмендеп келеді. Бірақ **әлі де жоғары,** сондай-ақ дамыған елдердің деңгейінен айтарлықтай көп.

Үкімет әр өңір бойынша медицинадағы нақты дерттер топтамасы жөнінде басымдықтар тізімін жасап, соның негізінде 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енуі тиіс.

Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп бір ай ішінде көп балалы аналарды микро- және шағын бизнеске жұмылдыратын, соның ішінде үй жағдайында кәсіппен айналысатындарды да қамтитын арнайы бағдарлама әзірлеуі қажет.

**<u>Алтыншы.</u> Еліміздің зейнетақы жүйесін дамыту** саласына ерекше тоқталғым келеді. Мұнда да қордаланып қалған мәселелер жеткілікті.

Қазіргі кезде зейнетақы жинағының жетіспеушілігі онша сезілмейді. Алайда, **10 жылдан кейін жағдай өзгеруі мүмкін.** Жұмыс істеп, зейнетақы қорын толықтырып жатқан азаматтар саны азаяды. Ал, зейнеткерлер саны арта түседі.

Бұл ретте, зейнетақы активінен түсетін инвестициялық табыс пен жинақ деңгейі **төмен** болып қала бермек.

Сондықтан Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, **зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру** үшін нақты жұмыс жүргізуі керек.

Қазір жұмыс істеп жүрген адам өзінің зейнетақы жинағын тек зейнетке шыққаннан соң ғана пайдалана алады.

Бірақ олардың бұл қаражатты зейнетке шыққанға дейін пайдаланғысы келетіні түсінікті жағдай.

Жұмыс істейтін азаматтар өздерінің **зейнетақы жинағының бір бөлігін белгілі бір мақсатқа, соның ішінде** баспана сатып алуға немесе білім алу үшін **пайдалану мәселесін** жыл соңына дейін пысықтауды Үкіметке тапсырамын.

Шығындарды оңтайландыру және активтерді инвестициялық басқару сапасын қажет.

Мемлекет 2022 жылға қарай осы мақсаттарға сәйкес **240 миллиард теңгеден** астам қаражат бөледі.

**Жеке бизнесті** осы жұмыстарға **тарту** үшін жаңа шаралар қабылдап, **мемлекет-жекеменшік әріптестік тетіктерін** жұмылдырған жөн.

Азаматтар әкімдік беретін әлеуметтік пәтерлерге **кезекке тұру және оның жылжу үдерісінің ашық болмай отырғанына** наразы.

Үкімет жыл соңына дейін **жалдамалы** пәтерлерге, сондай-ақ «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген баспана заемын **алуға** кезекте тұрғандарды есепке алудың **ұлттық бірыңғай жүйесін** құруы керек.

Коммуналдық желілердің тозуы 65 пайыздан 57 пайызға төмендегеніне қарамастан, бұл көрсеткіш жоғары болып отыр.

Бұдан бөлек, көп пәтерлі 78 мың үйдің 18 мыңнан астамы жөндеуді қажет етеді.

Өңірлерге тұрғын үй қорын жаңғырту және жөндеу үшін екі жыл ішінде бюджеттік несие түрінде **30 миллиард теңгеден** астам қаражат бөлу керек.

Үкіметке осы тетікті енгізу мүмкіндігін қарастырып, қаражаттың тиімді игерілуін қатаң бақылауға алуды тапсырамын.

2022 жылға қарай өңірлерді дамыту бюджеті **800 миллиард теңгеден** асып кетеді.

Әкімдерге жергілікті мәслихаттармен бірігіп, **осы қаражаттың жартысын** тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту ісін бірлесе қаржыландыруға және өңір

# СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ мен ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ

қатысты өте күрделі мәселені шешуіміз қажет.

Өңірлік стандарттар әзірленді. Енді оларды **үш мыңнан** астам негізгі және қанаттас ауылдық елді мекендерге енгізу қажет.

Үкіметке «Ауыл – Ел Бесігі» жобасын жүзеге асыру үшін биыл бөлінген 30 миллиард теңгеге қосымшаалдағы үш жыл ішінде **90 миллиард теңге** бөлуді тапсырамын.

Бұл қаражат көлік, ауыз су және газбен қамтамасыз ету сияқты инфрақұрылымдық мәселелерді шешумен қатар, мектеп, аурухана, спорт алаңдарын салуға және жөндеуге жұмсалады.

Қаржының жұмсалуы барлық мемлекеттік органдардың қатаң бақылауында болуы тиіс.

**<u>Алтыншы.</u> Әділетті салық салу жүйесі және тиімді қаржылық реттеу.**

Жалпы ішкі өнім мен халық табысының артуына қарамастан, қоғамдағы **мүліктік жіктелу** үдерісі сақталып отыр, тіпті **күшейіп барады.**

Бұл – алаңдатарлық фактор. Сондықтан оған ерекше назар аудару керек.

Ұлттық табыстың әділ бөлінуіне баса мән бере отырып, **салық жүйесін жаңғырту** қажет деп санаймын.

Үкімет **әлеуметтік төлемдер көлемінің артып келе жатқанына** да назар аударуы тиіс.

Бір жағынан, бұл алымдар әлеуметтік және зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бірақ, жұмыс берушілер **жұмыс орындарын ашуға және еңбекақыны арттыруға мүдделі болмай қала ма деген** қауіп бар.

Көлеңкелі бизнес белең алады.

Сондықтан Үкіметке 5 пайыздық қосымша зейнетақы төлемін **енгізу мәселесін 2023 жылға дейін шегеруді** тапсырамын. Кейін бұл мәселеге қайта ораламыз.

Осы уақыт ішінде Үкімет, бизнес өкілдері мен сарапшылар мәселені шешудің жолдарын қарастырып, болашақ **зейнеткерлердің де, жұмыс берушілердің** де мүдделерін ескере отырып, ортақ шешімге келуі тиіс.

Үкімет Салық кодексінде қарастырылмаған барлық төлемдерге тыйым салуы қажет. Бұл, шын мәнісінде, қосымша салықтар.

**Қазіргі салық жүйесінің сапасын арттыру** – өз алдына бөлек мәселе.

Мұндай жағдай компанияларды өз инвестициясын адами капиталға, еңбек өнімділігін арттыруға, техникалық тұрғыдан қайта жабдықтауға, экспортқа салуға ынталандыруы тиіс.

**Қолма-қол ақшасыз төлеу** жүйесін жаппай енгізу керек. Бұл үшін тежеуші фактордың бірі саналатын **банктердің жоғары үстеме алымын** жою қажет. Сондай-ақ, **тиісті реттеу ережелеріне** сәйкес банктік емес төлем жүйесін белсенді дамыту керек. Бұл сегмент қарапайым әрі тартымды болғанымен, **ақша жымқырудың және елімізден капитал шығарудың көзіне айналмауы тиіс.**

Ұлттық банк осы салаға **нақты бақылау** орнатуы қажет.

Келесі мәселе. **Шикізаттық емес өнімнің** экспортына қолдау көрсету үшін **қосымша құн салығын қайтарудың қарапайым әрі жылдам тәртібін** қолдану мәселесін қарастыру керек.

Экономикамыздың өте түйткілді мәселелерінің бірі – **кредит беру көлемінің** жеткіліксіздігі. Соңғы бес жыл ішінде заңды тұлғаларға, сондай-ақ шағын және орта бизнеске берілген кредиттің жалпы көлемі **13 пайыздан аса қысқарған.**

Екінші деңгейдегі банктер қарыз алушылар ішінде сенімділерінің аз екенін сылтауратып, кредит қаражатының құнын **шамадан тыс** арттырып жібереді.

Әрине, қарыз алушылардың сапасына қатысты мәселе бар. Бірақ, **жауапкершілікті басқаға артып,** тек қана жеңілдің астымен жүруге болмайды.

Мен бұл мәселеге қатысты Үкімет пен Ұлттық банк үйлесімді әрі тиімді жұмыс жүргізеді деп ойлаймын.

Тағы бір мәселе – халықтың, әсіресе әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтардың тым көп несие алуы. Мұның өзі шұғыл шаралар қабылдауға алып келді. Сіздер бұл жөнінде білесіздер.

Бұл мәселе әлеуметтік және саяси түйткілдерге ұласты.

Сондықтан, Үкімет пен Ұлттық банкке екі ай ішінде мұндай жағдайдың қайталанбауына кепілдік беретін тетіктерді енгізу үшін дайындық жүргізуді тапсырамын.

**Ақша-кредит** саясаты тиімділігінің жеткіліксіздігі еліміздің экономикалық дамуын тежейтін себептіңбірі болып отыр.

Екінші деңгейдегі банктердің **бизнеске кредит беру** ісінің қолайлы әрі **ұзақ мерзімді** болуын қамтамасыз ету керек.

Жыл соңына дейін Ұлттық банк екінші деңгейдегі банктердің **активтерінің сапасына тәуелсіз бағалау жүргізу жұмысын** аяқтауы қажет.

**<u>Жетінші.</u> Ұлттық қорды тиімді пайдалану мәселесі.**

Ұлттық қор қаражатының ағымдағы мәселелерді шешуге жұмсалуын қысқарту қажет.

Бұл – **келешек ұрпақтың қаржысы.**

Ұлттық қордың трансферттері бәсекеге отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған.

Жыл сайын **21 мыңға жуық** мектеп түлегі кәсіби және жоғары оқу орындарына түсе алмай қалады.

Жастардың бұл тобы жұмыссыздар мен маргиналдардың негізін құрайды. Олар амалының жоқтығынан қылмыстық және экстремистік ағымдардың ықпалына түсуде.

Біз оқушылардың **қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру** саясатына көшуіміз қажет.

Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс.

Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек.

**Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы** алшақтап барады.

Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы.

Сондықтан, **«Дипломмен – ауылға»** бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруымыз қажет. Үкіметке келесі жылдан бастап осы бағдарламаны қаржыландыруды **20 миллиард** теңгеге жеткізуді тапсырамын.

Дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау керек.

**Аз қамтылған және көп балалы отбасыларды** қолдау үшін Үкіметке **Дарынды баланың қабілетін дамытудың жол картасын** әзірлеуді тапсырамын.

Үкімет пен әкімдер осындай балалардың үйірмелер мен орталықтарға, жазғы лагерьлерге баруы үшін мүмкіндік жасауы керек.

Енді **жоғары білімнің** сапасына жеке тоқталғым келеді.

Өз түлектерін жұмыспен қамту жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарының жартысы ғана **60 пайыздық деңгейге** қол жеткізіп отыр.

Сондықтан олардың санын қысқарту мәселесін қарау керек.

Терең білім берудің орнына диплом **сатумен** айналысқан университеттеріміз **бар екені де** жасырын емес.

Бірінші кезекте соларға тыйым салу арқылы біз оқу орындарындағы білім беру сапасын арттыруға күш саламыз.

Білім саласына қатысты тағы бір мәселе – **қаржыландырудың біркелкі** болмауы және өңірлік басқарудың қазіргі жүйесінің тиімсіздігі.

Білім бөлімдерін басқару және бюджет қаржысын әкімшілендіру функцияларын **аудандық деңгейден облыстық деңгейге** беру керек.

Білім берудің барлық деңгейінде **дербес қаржыландыру тәртібін** енгізу қажет.

Тағы бір өзекті мәселе. Бұл – **оқулық сапасының** төмендігі.

Оқушыларды **сапалы** оқулықтармен **қамтамасыз ету** – тиісті министрліктің тікелей міндеті.

Мұғалімдер мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартпасақ, бұл шаралар жүзеге аса қоймайды.

Сондықтан, мен Тамыз конференциясында алдағы төрт жыл ішінде **мұғалімдердің еңбек ақысын екі есе арттыруды** тапсырдым. Бұл – келесі жылдан бастап ұстаздардың жалақысы **25 пайызға өседі** деген сөз.

Ғылым саласындағы ахуал ерекше назар аударуды талап етеді. Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз.

Отандық ғылым жүйесі қаншалықты сапалы әрі тиімді? Бұл – басқа мәселе.

Үкімет аталған мәселені ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру және оларды тәжірибеде қолдану тұрғысынан қарастырғаны жөн.

**<u>Екінші.</u> Отбасы және бала институтын қолдау, инклюзивті қоғам құру.**

Бала құқығын қорғау және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселесіне басымдық беруіміз қажет.

Жасөспірімдер арасында көбейіп кеткен суицид мәселесімен мақсатты түрде айналысу керек.

Біз **зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар** мен олардың отбасын **қорғау жөнінде толыққанды бағдарлама** әзірлеуіміз қажет.

Қамқорлығында мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Тек ресми статистика бойынша **80 мыңнан астам бала** мүгедектігіне байланысты есепте тұр.

Үкімет **БЦП диагнозы бар балаларға** медициналық және әлеуметтік қолдау көрсетуді жақсарту үшін шаралар қабылдауы керек.

**Балаларға қолжетімді болуы үшін шағын және орташа оңалту орталықтарының желісін** кеңейту қажет.

Біз **ерекше қажеттіліктері бар адамдар** үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз.

Мен бұл туралы өзімнің сайлау алдындағы бағдарламамда айттым. Үкіметке енді осы мақсатқа үш жыл ішінде кем дегенде **58 миллиард теңге** бөлуді тапсырамын.

Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі бюджеттен қаржы бөлуі қажет.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда **міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру** жүйесі іске қосылады.

Әрқайсысыңызға мына нәрсені айтқым келеді: мемлекет **тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін** сақтайды. Оны қаржыландыруға алдағы үш жыл ішінде **2,8 триллионнан астам теңге** бөлінеді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың жүзеге асырылуы медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға бағытталған.

Үшжылдық бюджет аясында денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосымша **2,3 триллионнан астам теңге** бөлінеді.

Үкімет әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің беделіне тағы да нұқсан келтірмеу үшін оны жүзеге асыру мәселесіне зор жауапкершілікпен қарауы қажет.

Біздің қателесуге құқымыз жоқ.

**<u>Төртінші.</u> Мәдениет қызметкерлерін қолдау.**

Біз мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға жеткілікті түрде көңіл бөлмей отырмыз.

Бұл – ең алдымен, кітапхана, музей, театр қызметкерлеріне қатысты мәселе.

Олардың еңбекақысы соңғы жылдары мүлде көбейген жоқ.

Соның салдарынан мәдениет қызметкерлері, әсіресе жас мамандар жеңілдігі бар тұрғын үй бағдарламаларына қатыса алмайды.

Мұндай ахуал осы кәсіптің беделін түсіріп, лайықты кадрлардың тапшылығы айқын сезілуде.

Келесі жылдан бастап Үкімет **мәдениет қызметкерлерінің** еңбекақысын көбейтуі тиіс.

Сондай-ақ, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы міндетті әлеуметтік жеңілдіктер мәдениет саласының өкілдеріне де берілуі керек.

**<u>Бесінші.</u> Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін одан әрі дамыту.**

Мемлекет мұқтаж жандарға көмек көрсету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда.

Алайда, бірқатар шешімдер жан-жақты сарапталмай қабылданды.

Нәтижесінде бұл **патерналистік пиғылдың** айтарлықтай артуына әкеп соқтырды. Соңғы 5 жылда Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмек алатындар саны **77 мыңнан 1,4 миллионнан астам адамға** артқан.

Әлеуметтік көмекке бюджеттен бөлінетін қаражат көлемі 2017 жылдан бері **17 есе көбейді** және одан да арта түсті.

Басқаша айтқанда, жұмыс істегісі келмейтін адамдар немесе әлеуметтік көмек алу үшін өздерінің табысын жасыратындар көбейді. Жағдайы бар отбасылардың әлеуметтік көмек алатыны туралы деректер бұған дейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған болатын.

Тағы да атап өтемін. **Конституция бойынша** біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан мемлекетіміз азаматтар алдындағы міндеттерін орындауы тиіс.

Үкімет өз жұмысында осы қағидатты басшылыққа алуға **міндетті.** Ал, резервтерді тиімсіз шығындарды азайту және табысты арттыру есебінен қалыптастыру қажет.

Мұндай резервтердің бар екені сөзсіз. Қаржы министрлігі табысты арттыру үшін жұмыс жүргізуде. Алайда, қосымша күш жұмсау керек. Мәселен, кеден ісіне қатысты.

Елбасы «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің отырысында **мемлекеттік сатып алулар үдерісін ретке келтіру мәселесіне** ерекше мән берді. Қаржы министрлігі мемлекеттік сатып алуды оңтайландырумен айналысып жатыр, бірақ заңнамалық сипаттағы шаралар қажет.

Мемлекеттік сатып алудың **әлеуеті зор** (кейбір есептеулер бойынша, жылына 400 миллиард теңгеге дейін жетеді). Бұл қаржыны **өзекті әлеуметтік мәселелерді** шешуге жұмсауға болады.

2018 жылы мемлекеттік сатып алу көлемі **4,4 триллион теңгені** құрады, соның **3,3 триллион теңгесі** немесе 75 пайызы бәсекеден тыс тәсілмен бір көзден алу арқылы жұмсалған.

Шенеуніктер мен түрлі делдалдарды пайдаға кенелтіп отырған бұл табыс көзін жабатын кез келді.

Атаулы әлеуметтік көмекке қайта оралайық. Үкімет оны бөлу тәртібін реттеуі керек. Бұл жүйе ашық әрі әділетті болып, адамдарды **бейқамдыққа емес, еңбек етуге ынталандыруы тиіс.** Көмек, негізінен, жұмыс істейтіндерге берілуі тиіс.

Сонымен бірге, аз қамтылған отбасылардың балаларына қамқорлық көрсету керек. Олар үшін **кепілдендірілген әлеуметтік көмекті** енгізу қажет. Бұл дегеніміз – мектеп жасына дейінгі балаларға үнемі қолдау көрсету, барлық оқушыға тегін ыстық тамақ беру, оларды оқу құралдарымен және мектеп формасымен қамтамасыз ету, медициналық, соның ішінде стоматологиялық көмек алу және қоғамдық көліктерде жүру шығындарын өтеу.

Осыған қатысты шешімдердің барлығы жақсарту мақсатымен Үкіметке **ортақ әлеуметтік қор құру және бірыңғай әлеуметтік төлем енгізу** арқылы әлеуметтік қамсыздандырудың бюджеттен тыс жүйесін жұмылдыру мәселесін пысықтауды тапсырамын.

**V. ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ҚУАТТЫ ЕЛ**

Бұл бағытта мынадай міндеттерге баса мән беру керек.

**<u>Бірінші.</u> Жергілікті билік органдары жұмысының тиімділігін арттыру.**

Жергілікті билік тұрғындар үшін әрдайым ашық болуы тиіс. Бұл аксиома әлі де бүгінгі күннің шындығына айналмай отыр.

Пилоттық жоба ретінде **тұрғындар тарапынан** жергілікті билік жұмысының тиімділігін бағалау жүйесіненгізу қажет деп санаймын.

Мысалы, егер сауалнама немесе онлайн-дауыс беру нәтижесінде тұрғындардың **30 пайызынан астам** ықала немесе ауыл әкімінің жұмысын тиімсіз деп есептесе, бұл Президент Әкімшілігінің арнайы комиссия құрып, туындаған мәселені зерттеуіне және тиісті ұсыным енгізуіне негіз бола алады.

**<u>Екінші.</u> Бюджетаралық қатынастар жүйесін реформалау.**

Бюджетаралық қатынастардың қазіргі жүйесі түрлі деңгейдегі әкімдіктерді жергілікті дамудың негізгі көздерін, яғни шағын және орта бизнесті өркендетуге ынталандыра алмай отырғаны анық. Өңірлер қосымша табыс көзін іздестіруге құлықсыз.

Келесі жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін қосымша салық түсімдері өңірлердің құзыретіне берілетін болады.

Бірақ бұл да жеткіліксіз. **Бюджет үдерісінің барлық деңгейде ұйымдастырылуын қайта қарастыру** қажеттігі туындап отыр. **Жергілікті бюджетті қалыптастыруға халықтың белсене атсалысуы** бұл істе үлкен рөл атқаруы тиіс.

Аудандық, қалалық және ауылдық деңгейдегі билік жергілікті маңызы бар міндеттерді шешу барысында экономикалық тұрғыдан мейлінше дербес болуы тиіс. Олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі заңнамалық актілерде нақты белгіленуі керек.

**<u>Үшінші.</u> Басқарылатын урбанизация және бірыңғай тұрғын үй саясаты.**

Бұған дейін қабылданған «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» және «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңдар өзінің тиімділігін көрсетті. Бірақ, бүгінде бұл заңдарды жетілдіру қажет.

Ең ірі үш қала әкімдіктерінің құзыретін, соның ішінде қала құрылысы саясаты, көлік инфрақұрылымы, қала сәулетін қалыптастыру саласындағы құзыреттерін **кеңейту** керек.

Республикалық маңызы бар қалалардағы халық санының көптігі қазіргі кезде мақтанарлық жағдай емес, керісінше тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету тұрғысынан алаңдаушылыққа **негіз** болып отыр.

Ірі қалалардың тұрғындары көбейіп келе жатқаны байқалады. Сонымен қатар, жаңа тұрғындарға қолайлы жағдай жасалған Павлодар және Петропавл сынды қалаларда адамдар мен еңбек ресурстарының тапшылығы бар.

Үкімет көші-қон **үдерісін басқару үшін** пәрменді шаралар қабылдауы тиіс.

Мен сайлау алдындағы бағдарламамда **бірыңғай тұрғын үй саясатын** әзірлеу қажеттігін айтқан болатынмын.

Негізгі қағидат – тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін **баспананың қолжетімділігін арттыру.**

Үкімет жүйесіз бағдарламалар қабылдау тәжірибесін тоқтатып, тұрғын үй саясатын жетілдірудің бірыңғай моделін әзірлеуі қажет.

Мәселен, бастапқыда әлеуметтік мүддеге орайластырылған **«7-20-25»** бағдарламасы аясында қарыз алушының отбасылық табысы орташа есеппен айына 320 мың теңгені құрауы тиіс. Табысы аз адамдар бұған қатыса алмай отыр.

Сондықтан биыл Елбасының бастамасы бойынша 2 пайыздық жеңілдетілген мөлшерлемемен, пайыздық алғашқы жарнасы 10 пайыз болатын жаңа **«Бақытты Отбасы»** бағдарламасы іске қосылды. Бұл – өте тиімді жеңілдік.

Жыл соңына дейін бұл бағдарлама бойынша кем дегенде **6 мың отбасы** баспанамен қамтамасыз етіледі. Бірінші кезекте, көпбалалы және мүгедек балалар тәрбиелеп отырған отбасылар қамтылатын болады. 2020 жылдан бастап жыл сайын осындай **10 мың отбасы** баспанамен қамтылады.

Үкімет бағдарламаға қатысуға арналған айқын критерийлер белгілеп, оны қатаң әкімшілендіруді қамтамасыз етуі керек. Шын мәнінде көмекке **мұқтаж жандарға** ғана қолдау көрсетілуі тиіс.

Менің Үкіметке тапсырмам – кезекте тұрған аз қамтылған көп балалы отбасыларға баспана беру мәселесін үш жыл ішінде **шешу керек.** Бүгінде олардың саны **30 мыңға** жуық.

Баспана **сатып алуға** жағдайы жоқ азаматтарға **әлеуметтік жалға алу тәртібімен қоныстану** үшін мүмкіндік беру тұрғындарының өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге **бағыттауды** қамтамасыз етуді тапсырамын.

**<u>Төртінші.</u> Инфрақұрылымды дамыту.**

Еліміздің әр аймағының тұрғындарының таза ауыз суға, табиғи газға, көлік инфрақұрылымына **қол жеткізу деңгейі біркелкі емес** екені белгілі.

Осы теңсіздікті жою үшін жұмысты жандандыру қажет.

Елбасының тапсырмасы бойынша **«Сарыарқа» газ құбырының** магистралды желісінің бірінші кезектегі құрылысы аяқталып келеді.

Келесі жылы Нұр-Сұлтан қаласында және Қарағанды, содан соң Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарында **тарату желілерін** салу жұмыстары басталады.

Мемлекет осы мақсатқа сәйкес **56 миллиард теңге** бөліп отыр. Нәтижесінде **2,7 миллионнан астам адам** табиғи газбен қамтамасыз етілетін болады.

Алдағы үш жыл ішінде тұрғындарды таза ауыз сумен және су жеткізумен қамтамасыз етуге шамамен **250 миллиард теңге** бөлінеді.

Атқарушы билік органдары «Нұрлы жол» бағдарламасын толық және сапалы іске асыруға баса мән беруі керек.

Бұл – стратегиялық жоба. Соның арқасында бүкіл көлік инфрақұрылымы жаңғыртылады.

Осы мақсатқа орай, мемлекет 2022 жылға дейін **1,2 триллион теңгеден астам** инвестиция салады.

Үкімет бұған дейін де көп қаражат бөлген болатын, бірақ оның көбі құмға сіңген судай жоқ болып кетті. Ашығын айтсақ, шенеуніктердің қалтасына кетті, ал таза су, жол және басқа да инфрақұрылымның жағдайы әлі де сол күйінде.

Бұл жолы Үкімет пен Парламент Есеп комитетімен бірлесіп, бюджет қаражатын толығымен тиімді пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

Үкімет экологияны жақсарту, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейту, қоршаған ортаны сақтау ісін дәріптеу жұмыстарын жандандыруы керек. Осы орайда **«Бірге – Таза Қазақстан»** науқаны – қолдауға тұрарлық жоба. Бұл жұмысты жалғастыру керек.

Парламент Экологиялық кодекстің жаңа редакциясын талқылап, қабылдауы қажет.

Жалпы, **Үкімет алдағы кезеңде жұмыстың тиімділігін арттыруы тиіс.** Халық нақты нәтиже күтіп отыр.

***Құрметті отандастар!***

Біз елімізді реформалаудың **жаңа кезеңіне** қадам бастық. Осы маңызды міндеттерді сапалы орындауымыз керек.

Еліміздің әрбір тұрғыны **оң өзгерісті сезінуі** тиіс.

Мен мемлекеттік органдардан **жұмысты жедел атқарып,** нақты нәтижеге қол жеткізуді талап етемін.

**Реформаны тек реформа үшін** жүргізуге жол берілмейді.

Әрбір министрде және әкімде **нәтижелі жұмыстың негізгі көрсеткіштерінің** тізімі болуы тиіс.

Сол арқылы олардың нақты мақсатқа қол жеткізу деңгейі анықталады.

Үкімет мүшелеріне, мемлекеттік органдар мен өңірлердің, мемлекеттік компаниялардың және мекемелердің басшыларына тиісті реформаның жүзеге асырылуы үшін **дербес жауапкершілік жүктеледі.**

Осыған байланысты, жақында **тиісті Жарлыққа қол қойдым.** Бұл Жарлықтың аясында елдегі ахуал, соның ішінде аймақтардағы халықтың жағдайы сауалнама негізінде нақты бағаланатын болады.

Үкіметтің әлеуметтік және экономикалық саясатқа жауапты құрылымдары қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес алдын-ала нақты жұмыс жүргізуі қажет. Бұл үшін бақылау, талдау және болжау жүйесін неғұрлым күшейту керек.

Сондықтан депутаттарымыздың өтінішіне орай Парламент жанынан **Заңнаманы зерделеу және сараптау институтын** құру жөнінде тапсырма беремін.

Аталған құрылым заңдарымыздың сапасын арттыруға ықпал етуі тиіс.

***Қадірлі қазақстандықтар!***

Халқымызды толғандыратын барлық мәселелер бізге белгілі.

Осыған орай, ахуалды жақсарту үшін **іс-қимыл жоспары** әзірленіп жатыр.

Бізге зор жауапкершілік жүктеліп отыр.

Мен ел тағдырына жаны ашитын **әрбір азаматқа зор сенім артамын.**

**Қазақстан – ортақ шаңырағымыз!**

Мен бәріңізді **мерейлі мекенімізді өркендетуге** үлес қосуға шақырамын!

Сындарлы қоғамдық диалог – **татулық пен тұрақтылық негізі.**

Ұлы Абай өзінің алтыншы қара сөзінде **«Бірлік – ақылға бірлік»** дегенін білесіздер.

Елбасымыздың **«Ел бірлігі – ең асыл қасиет»** деген қанатты сөзі – біздің айнымас қағидамыз.

**Береке мен бірлік, ақыл мен парасат** халқымызды үнемі алға бастап келеді.

**Бағытымыз – айқын, жолымыз – ашық.**

Бәріміз бірге болсақ, еліміз бұдан да **зор жетістікке жетеді** деп сенемін!

Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# АКТИВТЕ ЖОЛДАУ ТАЛҚЫЛАНДЫ



**Қала әкімінің міндетін атқарушы Аманғали Мұхамбединнің төрағалығымен Жезқазған қаласының активі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауын талқылады. Актив жиынына қала мекемелерінің басшылары, мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйым өкілдері, БАҚ қызметкерлері қатысты.**

Биылғы Жолдау жөнінде баяндама жасаған қала әкімінің міндетін атқарушы Аманғали Мұхамбедин құжаттың мемлекет дамуының бағдарларын айқындаудағы орнына тоқталды.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы мемлекеттік құрылымдарға азаматтармен белсенді диалог орнату және туындаған мәселелерді дер кезінде шешу міндетін қойып отыр. Бұл бағытта Жезқазғанда да нақты шаралар қолданылуда. Қала әкімдігі әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс жүргізіп, жұртшылық тарапынан туындаған мәселелерге уақытылы жауап беріп келеді. Алдағы уақытта қаладағы барлық қызметтерді біріктіретін Бірыңғай үйлестіру орталығы құрылады, – деді ол өз баяндамасында.

Сондай-ақ, азаматтарды әлеуметтік қолдау шаралары, бюджеттің ашықтығы мен мемлекет қаражатын тиімді жұмсау, қалада қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлықпен күрес, шағын және орта бизнесті, ауылшаруашылығын, туризмді дамыту, медициналық қызмет сапасы, жастар саясаты да баяндамадан көрініс тапты.

Бас қосуда сонымен бірге, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің бөлім меңгерушісі, тарихшы Қабдол Әуезов, «Жезказганский вестник» газетінің бас редакторы, «Мейірімді жүрек» ҚБ жетекшісі Эльвира Алпанбаева, «Open society» қоғамдық қорының жетекшісі Марғұлан Ермағанбетұлы сөз алып, Жолдауға қолдау білдірді.

Жиын соңында қала әкімінің міндетін атқарушы А.Мұхамбедин Жолдаудан туындаған міндеттерді айқындап, жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берді.

**Өз тілшіміз**

# МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНА КӨҢІЛ БӨЛІНГЕНІ ҚУАНТТЫ

**Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауы көптің көкейінде жүрген мәселелерді көтеруімен ерекшеленді.**

Қазақ елінің болашағына үлкен септігін тигізуге негізделіп құрылатын құжатты халықтың жыл сайын тағатсыздана күтетіні жасырын емес. Президентіміз сайлау алдында берген уәдесіне берік екенін тағы бір мәрте дәлелдеп, Жолдауда елдің игілігіне бағытталған бастамалардың бірсыпырасымен таныстырды.

Жолдаудың әрқайсысында мемлекеттік бағдарламалар арқылы қол жеткізілген нәтижелер сарапталып отырады, болашаққа нық қадаммен басудың тетіктерін айқындап береді.

Жаңа Жолдауда қамтылғандардың ішінде кейбір тапсырмаларды ерекшелеп алуға болады:

Қазақ халқының мемлекет құрушы ұлт ретіндегі рөлін бекемдеу;

Ауылға ақша бөлуден гөрі шындығында мықты менеджерлер мен қайта ұйымдастыру аса қажет;

Баспаналы болу тетіктеріне зейнетақы жинағын қарастыру расында да ұтымды;

Мұғалімдер мен мәдениет қызметкерлерінің жалақысын көбейту.

Қасым-Жомарт Кемелұлының «Біз мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға жеткілікті түрде көңіл бөлмей отырмыз. Бұл – ең алдымен, кітапхана, музей, театр қызметкерлеріне қатысты мәселе. Олардың еңбекақысы соңғы жылдары мүлде көбейген жоқ. Соның салдарынан мәдениет қызметкерлері, әсіресе жас мамандар жеңілдігі бар тұрғын үй бағдарламаларына қатыса алмайды. Мұндай ахуал осы кәсіптің беделін түсіріп, лайықты кадрлардың тапшылығы айқын сезілуде» деген Жолдаудағы сөздері мәртебемізді бір көтеріп тастады. Әркімнің бір «жұлдызы жанатын күні» болады демекші, 2020 жылды мәдениет саласы қызметкерлерінің «айы оңынан туған» жыл болды деп, тарих қойнауына жіберсек, нұр үстіне нұр болар еді.

Уәдеге сай, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы міндетті әлеуметтік жеңілдіктер мәдениет саласының өкілдеріне де берілсе, осы салаға да өз мамандығының хас шеберлері болған мамандардың тартылып, қызмет етуге деген ынтасы одан әрі артатыны сөзсіз. Жағдайы келіскен жанның еш нәрсеге уайымдамай, тек қызметін құлшына атқаратыны еш күмән тудырмайды.

Осындай жақсы жаңалықтарға толы Жолдауды жариялап, халқының қамы үшін небір игі бастамалар көтеріп жатқан кемел



Президент Қ.Тоқаевтың елдің ықыласына бөлене берері хақ.

**Раушан ҚАПАРОВА,**
**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің басшысы**

# ҚОҒАМ ТЫНЫСЫН ДӨП БАСҚАН



Президент Жолдауында қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайға жан-жақты, терең талдау жасалған және оны түбегейлі оңалту бағытында нақты міндеттер қойылып отыр.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда әлеуметтік мемлекеттің берік негізі қаланды. Соған қарамастан Мемлекет басшысы қазақстандықтарды тиісті әлеуметтік қажеттіліктермен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажет деп есептейді.

Енді Үкімет пен әкімдердің қызметі жаңа жүйе жолына түседі деп ойлаймын. Партияның нақты жобалары мен Үкіметке ұсынылған бағдарламаларының толық жүзеге аспай отырғанын көріп отырмыз. Бұл өз кезегінде қоғамдағы түрлі тұрақсыздыққа тіпті мемлекеттік аппарат пен саяси жүйеге сенімсіздік тудырғаны жасырын емес. Президент азаматтардың үнін еститін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясын ұсынуының негізгі себебі осы. Бұл бағытта атқарылған жұмыстар ретінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі жұмысының басталуы деп білемін. Президент айтқан көппартиялық жүйені дамыту ұсынысы да қоғамдық жағдайды тұрақтандыратын фактор екенін уақыт көрсетіп отыр. Жолдауда «Нұр Отан» партиясының саяси аренада ұтымды саясат жүргізіп отырғандығы аталып өтсе де, бүгінгі күнгі саясаттағы басқа да партиялар қызметі сайлауалды жұмыстардан әрі аса алмай отыр. Оның үстіне кейбір популистік топтардың жалаң ұрандар мен арандату ақпараттарын тарату арқылы саяси ұпай жинау көріністерін есепке алмағанда саяси аренада вакуумның орнағанын көруге болады.

Президенттің Жолдауында азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі, қарқынды дамыған және инклюзивті экономика бойынша сөз қозғалды. Әсіресе, еңбекақы төлеу деңгейін арттыру мәселесінің көтерілуі де орынды. Мемлекет басшысы кен өндіру саласындағы ірі кәсіпорындардың табысы артқанмен азаматтарымыздың жалақысы айтарлықтай өспегенін баса айтты. Шынында, аймағымызда жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы еңбек дауы жағдайларынан кейін кен өндіру саласында еңбекақының айтарлықтай өсу үрдісі 2008 жылдан бері жүріп келе жатыр. Қаламыздағы байытушылар мен металлургтердің мұндай еңбек дауларынан тыс қалуы осы мамандықтар бойынша айтарлықтар еңбекақы өсіруге қол жеткізбеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеде Үкімет табандылық танытуы керек деп атап өтті. Сонымен бірге, Үкіметке еңбекақы төлеу қорын арттыру үшін жұмыс берушілерді ынталандыру мәселесін пысықтау тапсырылды.

Түйіндеп айтқанда, Президент Жолдауы қоғамдағы бар мәселеге құлақ асу мен оларды шешудің тиімді тетіктерін ұсынудың жарқын үлгісін көрсетті деуге толық негіз бар.

**Сәкен СМАҒҰЛОВ,**
**«Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалының бөлім меңгерушісі**

**«Open Society» қоғамдық қорының жетекшісі Марғұлан Ермағанбетұлы бастаған спикерлер тобы Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасының мамандарымен кездесті.**



# АҚ ХАЛАТТЫЛАР ДА ҚОЛДАДЫ

– Жолдауға сәйкес Қазақстан халқына тегін медициналық көмек көрсету жұмыстарына 2,8 трлн, жалпы медицина саласына 2,3 трлн теңге қаржы бөлінетін болады. Сондай-ақ, біз қай сала болсын сыбайлас жемқорлықтың алдын алуымыз керек. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» деп Президентіміз өз Жолдауында нақты атап көрсетті. Жемқорлыққа қарсы халықтың да қатаң бақылауы болу керек. Алдағы уақытта халықтың 33%-дан кем дауысын жинаған әкімдер қызметтен кетуі мүмкін. Бұл дегеніңіз – алаңдатқан мәселелерін тұрғындар өз қалауларынша шешуге мүмкіндік алады деген сөз. Қасым-Жомат Тоқаевтың бұл Жолдауының негізгі мәні халыққа қолжетімді билік жүйесін қалыптастыру, – деді өз баяндамасында Марғұлан Ермағанбетұлы.

Жезқазған қалалық міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша ақпараттандыру-түсіндіру тобының спикері Людмила Шлегель ақ халатты мамандармен кездесу барысында да міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне кеңінен тоқталып өтті.

– Қазақстан Республикасы азаматтарына медициналық қызмет пакеттерінің екі түрі ұсынылады. Олар базалық және қайта құрылған әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан көрсетілетін сақтандыру пакеті. Бірінші пакет бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру көмегін барлық ел азаматтары пайдалана алады. Ал, екіншісі Қазақстан Республикасында тұрақты азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетелдік азаматтарға беріледі. «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқа иелері мен көп балалы аналар, Ұлы Отан соғысы ардагерлері, зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, интернаттық мекемелерде оқитын және тәрбиеленуші азаматтар, күндізгі бөлімде оқитын колледж, КТУ, институт, университет студенттері мен ЖОО-дан кейінгі білім алушылар, 3 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша декреттік демалыстағы тұлғалар, жұмыссыз жүкті әйелдер мен 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеуші аналар, жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар және уақытта ұстау, тергеу изоляторына қамалғандар мен сот үкімі бойынша жазасын өтеушілер әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлемейді, бұған жауапкершілікті мемлекет өз мойнына алады, – деген Людмила Шлегель израилдық медицина жұмыстарын да таныстырып өтті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

**Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауын ел арасына кеңінен насихаттап, түсіндіру мақсатында «Ютария ltd» өндірістік-инновациялық компаниясы жұмысшыларымен «Open Society» қоғамдық қорының жетекшісі Марғұлан Ермағанбетұлы, Жезқазған қалалық міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша ақпараттық-түсіндіру тобының спикері Людмила Шлегель және Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің бас маманы Әсем Жұмағұлова кездесіп, талқылау жиынын өткізді.**



# ЗОР МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЙДІ

– Статистика көрсеткендей ел тұрғындарының көпшілігі Президент Жолдауын арнайы ізденіп, нақты мәтінін оқи бермейді. Көбіне әлеуметтік желілерден немесе ауызша шала-шарпы хабардар болуы мүмкін. Бүгінгі шараның негізгі мақсаты – түсінбеушілік пен қате пікірлердің алдын алу. Осы аймақтағы алғашқы түсіндіру жұмыстары Жезқазған қаласында ұйымдастырылды. Алдағы уақытта Нұр-Сұлтан қаласы мен Шығыс Қазақстан облысында да осындай жиындар ұйымдастыратын боламыз, – деді Марғұлан Ермағанбетұлы.

Жиын барысында Марғұлан Ермағанбетұлы Жолдаудың негізгі бес бағытына тоқталып, Президент тарапынан парламентке ұсынылған жаңа жобалар және тапсырмалармен таныстырды.

Кездесу барысында «Ютария ltd» өндірістік-инновациялық компаниясының тігіншісі Гүлжан Төленова сөз алып, сәйкес Жезқазған қаласы тұрғындарының ауыз су жағдайына байланысты алаңдаушылығын білдіріп, халық пен билік арасында берік байланыс жүйесін қалыптастыру керек деген ұсынысын білдірді.

– Бүгінгі жиын барысында Президент Жолдауы бойынша нақты әрі толық мағлұмат алдым. Үкімет пен халық арасындағы ашықтықты басты мақсат еткен Жолдауда қазақстандықтардың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталған көптеген көңіл қуантарлық жайттар бар екен. Алдағы уақытта Жолдауда айтылған жұмыстар оң нәтижесін көрсетеді деген үмітіміз бар, – деді компания тігіншісі Райхан Мұқанова.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУҒА СЕРПІН БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі ретінде сындарлы қоғамдық диалогты ұстаным еткен бұл бағдарламалық құжат ел дамуын жаңа кезеңге бастап, әлеуметтің әлеуетін арттыруға тың серпін бермек. Неге? Бірқатарына тоқталып өтейік. Жолдаудың «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» атты бөлігінде экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешудің тиімді тетіктері ұсынылды. Атап айтқанда, Президенттің білім беру сапасын жақсартуға жете мән беруі бізді ерекше серпілтті. Мемлекет басшысы мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалғандығын қадап айтты. Соның салдарынан жыл сайын 21 мыңға жуық мектеп түлегі кәсіби және жоғары оқу орындарына түсе алмай қалатындығына тоқталды. Бұл өз кезегінде елде жұмыссыздар мен маргинал топтарға кіретіндер санының өсуіне ықпал етіп отыр. Біздің аймақта да мұндай проблема бар екені жасырын емес. Осы олқылықтардың алдын алу үшін оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшу қажеттігі баса айтылды. Бұл да орта білім беретін мекемелер мен жоғары оқу орындарының бірлескен әрекетін талап ететін мәселе. Сонымен қатар, қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білімнің сапасы алшақтап бара жатқандығы, ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы, оқулық сапасының төмендігі де сөз етілді. Білім беру саласына қатысты көтерілген мәселелер бұл ғана емес. Президент Жолдауында: «Өз түлектерін жұмыспен қамту жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарының жартысы ғана 60 пайыздық деңгейге қол жеткізіп отыр» деп жоғары білімнің сапасы мен түлектердің жұмыспен қамтылуына да ерекше тоқталды. Осы орайда айта кетейік, жоғары оқу орындарының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы. Бұл тұрғыда Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде бірқатар нақты істер жүзеге асырылуда. Оқу орны жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынас орнатып, бос жұмыс орындары жәрмеңкелері тұрақты түрде өткізіледі. Нәтиже де жоқ емес. Атап айтқанда, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бірлесе отырып жүргізетін Қазақстандағы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингінде Жезқазған университеті 2017-2018 оқу жылының қорытындысы бойынша қатысқан 110 университеттің ішінде 11-орынға тұрақтап, жоғары нәтиже көрсетті. Ал, рейтингтің басты критерийі болып жұмысқа орналастырылған түлектердің пайыздық көрсеткіші мен олардың орташа еңбекақысы саналады. Осы орайда 2018 жылы Жезқазған университетін 312 студент тәмамдап, оның 88%-ы жұмысқа орналасқанын және 2019 жылы университетімізден түлеп шыққан 471 студенттің 80%-ы жұмыспен қамтылғанын мақтанышпен айта аламыз.

Президент Жолдауындағы: «Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек» деген сөзінде де мән бар. Осы тұрғыдан алғанда Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті техникалық мамандықтарының сапасын арттыру мақсатында білім беру бағдарламалары мен білім беру технологияларын жаңартуға бағыт алды. Өйткені Қазақстанның бірқатар кәсіпорындарында, әсіресе өзіміздің Жезқазған-Ұлытау аймағының өндіріс ошақтарында Жезқазған университетін тәмамдаған техникалық сала мамандарына сұраныс жоғары екенін сезінеміз.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында экономиканың басты саласы ретінде туризмді, әсіресе эко және этнотуризмді дамытуға көңіл бөлу керектігін де ұмыт қалдырған



жоқ. Президенттің бұл ойы жақында өзі келіп қатысқан «Жезкиік» II халықаралық этнофестивалінен кейін туындап, алғашқы жолдауынан көрініс тапты деп ойлаймын. Жезқазған-Ұлытау аймағындағы жалғыз жоғары оқу орны болғандықтан Ұлытауда туризмді дамыту ісі біздің де назарымыздан тыс қалған емес. Осы бағытта біз «Ұлытау Алтын мұрасы» қоғамдық қорымен бірлесе отырып «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2018 жылдың маусымында «Ұлт киесі – Ұлытау» республикалық форумын және 2019 жылдың шілде айында «Ұлытаудан шыққан ұлы тұлғалар» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізіп, ұтымды ұсыныстар мен шешімдерді қабылдадық. Егер Жолдауда туризмді дамытуға қатысты көрсетілген міндеттер мен «Ұлытау-2019» халықаралық туристік форумында айтылған мәселелер оң шешімін тапса, онда жақын болашақта Ұлытау – Қарағанды облысының туристік брендіне айналатынына еш күмән жоқ.

Жалпы Жолдауда қамтылған ішкі саяси мәселелер, мемлекеттік институттардың рөлін нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, экономиканы жаңғырту, халықты әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері өте өзекті және қоғамның талабынан туындаған деп ойлаймын.

Жолдауда Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасында көрсетілген ұсыныстары мен бастамалары да көп айтылғанына куәміз. Президент бұған дейін де, құжатта еліміздегі кейбір мәселелерге қатысты заңнамаларға өзгерістер енгізу туралы нақты тапсырмалар болатынын айтқан еді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауы Парламент мүшелері үшін де, жалпы қоғамның дамуы үшін де алдағы кезеңде атқарылуы тиіс жұмыстарға нақты бағыт-бағдар болатынына сенемін.

**Әбділмәлік ТӘКІШЕВ,**
**Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ректоры, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор**

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮЙШІЛЕР КОНКУРСЫ

## *қала мерейтойына арналды*

**Сәрсенбі күні қаламызда Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» Халықаралық күйшілер конкурсы басталды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Жезқазған қаласының 65 жылдығына орай алғаш ұйымдастырылған күйшілер байқауына Қытай Халық Республикасы мен Моңғолиядан, еліміздің Нұр-Сұлтан, Алматы, Қызылорда, Жезқазған қалаларынан барлығы 17 үміткер қатысты.**




Халықаралық байқау Ғарышкерлер бульварында, Кетбұқа баба ескерткішіне гүл қою рәсімінен басталды. Салтанатты шарада Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, «Қазақмыс» корпорациясы тау-кен байыту кешені бас директорының орынбасары Төлеген Пішенбаев, байқауға Қытай Халық Республикасынан құрметті қонақ ретінде шақырылған күйші, сыбызғышы Бейілхан Қалиәкбарұлы, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров сөз алып, аймағымызда алғаш рет өтіп отырған дүбірлі дода қатысушыларына сәттілік тіледі.

Кетбұқа ескерткішіне гүл қою рәсімінен соң конкурс қатысушылары мен қонақтары С. Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрына бет алды. Осы ретте халықаралық күйшілер байқауына Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Біләл Ысқақов, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының доценті, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Рамазан Стамғазиев, Қазақ Ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбай, Қытай Халық Республикасынан күйші, сыбызғышы Бейілхан Қалиәкбарұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев, қылқобызшы, қобызбен ән айту өнерін жалғастырушы Қазыбек Адыкеев сынды елімізге танымал өнер қайраткерлері, ғалымдар құрметті қонақ ретінде шақырылғанын атап өткен жөн.

Күйшілердің халықаралық конкурсы С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының әртістері ақын Ғазиз Ештанаевтың «Кетбұқаның соңғы күйі» поэмасының негізінде әзірлеген сахналық қойылыммен ашылды. Екі кезең бойынша екі күнге созылған күйшілер өнеріне құрамында Қазақ Ұлттық өнер университетінің аға оқытушысы, күйші Жұмабек Қадырқұлов, М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясының әртісі, Қазақстанның мәдениет қайраткері, күйші-домбырашы Әзірбай Өскінбаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры, профессор Дүйсен Үкібай, ҚР Ұлттық музейінің аға ғылыми қызметкері, өнертану ғылымының PhD докторы, күйші, Кетбұқа мұрасын зерттеуші Ардаби Мәулет бар, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстанның Құрметті металлургі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Төлеген Бүкіров төрағалық еткен қазылар алқасы баға берді.

Екі айналымнан құралған өнер додасына барлығы 17 күйші қатысуға ниет танытты. Конкурсқа төрелік еткен Кетбұқа би мұрасын зерттеушілер мен күй өнерінің зергерлеріне жүзден жүйрік шыққанды анықтау оңайға соқпады. Сондықтан, конкурстың екінші кезеңіне барлық қатысушы жолдама алды. Десе де, бәйге болғандықтан суырылып озғандар болуы хақ.

Екінші кезеңде Ақсақ құлан сарыны мен қалауы бойынша жаңа заман күйін орындаған конкурсанттарды марапаттау рәсіміне қала басшысының орынбасары Зина Ақылбекова қатысты.

– «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіровтің ұсынысы бойынша қала әкімдігінің қолдауымен алғаш рет ұйымдастырылған Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» халықаралық күйшілер конкурсы дарқан даламыздың өзге жерлерінде жалғасатынына сенім артамын. Сүйікті қаламыз Жезқазғанның 65 жылдығына арналған бұл конкурстың негізгі мақсаты – атақты қолбасшы, қазақ тарихының алып тұлғасы Кетбұқа бидің мұрасын насихаттау болып отыр. Бүгін біз бұл мақсатқа қол жеткіздік. Кетбұқа баба атындағы конкурстың үні алты алаштың баласына, алыс-жақынды шетелге жетті, – деп конкурс қатысушылары мен қазылар алқасына, сондай-ақ қала қуанышына ортақтаса келген қадірменді қонақтарға ризашылығын білдірді.

Халықаралық күйшілер конкурсының өз деңгейіне өтуіне үлес қосқандары үшін оларға қала әкімінің Алғыс хатын тапсырды.

Конкурстың қорытындысы бойынша жезқазғандық күйші Бекзада Достиярова «Үкілі үміт» номинациясы мен 200 мың теңгелік сертификаттың иесі атанса, нұр-сұлтандық Жанат Артықов «Сырлы саз» аталымын қанжығасына байлады. Ал, Моңғолияның күйшісі Мұстафа Еркінбек конкурстың «Ең жас орындаушысы» атанды. Оның жасы небәрі –16-да. Дипломант атанған Нұр-Сұлтан қаласының күйшісі Айбек Әрімбек, алматылық Әліби Нышан мен жезқазғандық Нұриден Оспанов 50 мың теңгенің сертификатын жеңіп алды. Лауреат атағы мен 100 мың теңгенің иесі Абылайхан Орманбек, Тоғжан Үмбет және Ілияс Тұрсынбек болды. Жүлделі үшінші орынға Алматы облысының күйшілері Ботакөз Дүнгенбаева мен Бақберді Қадубек, жерлесіміз Бақытжан Есмағанбетов пен қызылордалық Абылайхан Скаков қол жеткізді. Жүлделі екінші орынға тігілген 400 мың теңгенің сертификаты Қытайдағы қандасымыз Бағдар Жарқын мен елордалық Әлия Қарамұхановаға бұйырды. «Тарихи отаныма алғаш аяқ бастым», – деп ағынан жарылған Бағдардың қуанышын сөзбен жеткізу мүмкін емес.

– Атажұрттан жырақта жүрсек те, ұлттық салт-дәстүріміз бен ғасырлардан бері сақталған құндылықтарымызды көзіміздің қарашығындай сақтауда аянып қалған емеспіз. «Әу демейтін қазақ жоқ», «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» демекші біздің әулеттің бәрі домбыра шертіп, ауылдың алты ауызынан құр алақан емес. Мен домбыраны бес жасымнан жаныма серік еттім. Көркем-өнер мектебін домбыра бөлімі бойынша тәмамдадым. Болашағымды қазақ жерімен байланыстырып, мамандығым бойынша жоғары оқу орнына түсуге мақсат қойдым, – деген Бағдар ырымдап тұңғышына атақты қолбасшының есімін берген. Елорданың әуежайына түскен бетте оған Қытайдан сүйінші хабар жеткенде ұлымды Кетбұқа атаңдар деген екен. Жас күйшінің Кетбұқа бабамызға деген құрметіне тәнті болып, туған жерге алғаш келгенін ескерген «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров Бағдар Жарқынға тай мінгізді. Жүлделі I орынды жеңіп алған Азамат Шнаров оңтүстік астанамыздың абыройын асқақтатса, Қазақ Ұлттық университетінің IV курс студенті семейлік Дарын Құдайбергенов Нұр-Сұлтан қаласының мерейін асырып, бас жүлде миллион теңгенің иегері атанды.

– Бүгін менің бағым мен бабым қатар шапты деуге болады.Шынымды айтсам, жеңіс менің ауылымнан алыс деп ойладым. Өйткені, қарсыластарым – бірінен бірі асқан күйші, – деген бас жүлде иегері алты жасынан домбыра үйірмесіне қатысқан. Домбыра және дәстүрлі өнер факультетін келесі жылы аяқтайтын ол бұған дейін халықаралық «Шабыт» фестивалі мен «Қазанғап» атындағы конкурстарда топ жарған.

Дәулескер күйшілерді анықтаған шара гала-концертке ұласты. Сахна төрінен төгілген домбыраның қоңыр үні жиналғандардың құлақ құрышын қандырса, атақты сыбызғышы Бейілхан Қалиәкбарұлының сыбызғы сүйемелдеуімен орындаған «Ақсақ құлан» күйі көпті тамсандырмай қоймағаны анық. Кетбұқа жыраудың «Ақсақ құлан» күйінің бүгінде тоғыз нұсқасы бар көрінеді. Соның үш нұсқасын орындаған Маңғыстау күйшілік мектебінің өкілі Әзірбай Өскембаев көрерменің зор ықыласына бөленді. Кеште Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Рамазан Стамғазиев пен саңлақ күйші Жанғали Жүзбай, өнер зерттеушісі Біләл Ысқақов та өнерлерін ортаға салды.

– Бүгін ұрпақтан ұрпаққа мирас болып жеткен Кетбұқа бабамыздың күй мұрасы қайта тірілгеніне куә болдық. Екі күннен бері рухани байып, ұлттық өнерімізбен сусындадық. Қазақ халқының ұлттық құндылығы саналатын күй өнері өріс жая берсін, – деген Қадыр ата тағылымы мол мәдени шаралар жиі ұйымдастырылса деген тілегін жеткізді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

---

**Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» халықаралық күйшілер байқауына келген құрметті қонақтар сапары барысында мысты шаһардағы білім орындарына бас сұғып, жастармен кездесті.**

# ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРДІ ДӘРІПТЕДІ



Олардың қатарында Жезқазған бизнес және көлік колледжі де бар. «Жақсымен бірге өткізген жарты сағат, жаманның өтіп кеткен өміріндей» деген тағылымды сөзді студенттер бойына сіңісті қылған аталмыш білім ордасы құрылғанына он жыл ғана толған, қаламыздағы ең жас колледж. Соған қарамастан игі шаралардың ұйтқысына айналған білім шаңырағына бұл жолы шертпе күйдің шебері, Арқа күйін насихаттаушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбай, дәстүрлі әнші, «Құрмет» орденінің игері Рамазан Стамғазиев, Қытай Халық Республикасынан арнайы күйші сыбызғышы Бейілхан Қалиәкбарұлы қонақ болып, студент жастар мен оқытушыларды қала күнімен құттықтап, әңгіме дүкен құрды.

– Жезқазған менің жастық шағымның куәгері. Қаламыздың 65 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ақсақ құлан» Кетбұқа би атындағы күйшілер байқауына үлкен қуанышпен келіп отырмын. Байқау өте жоғары деңгейде өтуде. Бұл байқаудың Жошы хан тұсында өмір сүрген Кетбұқа бабамызды тек ел аумағына ғана емес, өзге шет мемлекеттерге танытуда маңызы ерекше. Мен Қырғызстан, Моңғолия, Қытай және Арабия мемлекеттеріндегі түрлі аңыздарға байланысты туған Кетбұқа баба күйлерін жинақтап, кітап етіп шығардым. Батыр, би бабамыздың шығармашылығы алдағы уақытта да кеңінен зерттелетініне сенімім мол, – деді Жанғали Жүзбай.

– Мен тарихта есімі алтын әріптермен жазылған Нарынқолдың тумасымын. Ол өңірдің ең қарапайымы – менмін. Бүгін шалғайдағы Жезқазған жеріне келіп, мысты өңірдің әрбір тасының киелілігіне көзім жетіп отыр. Бабасын ұмытпаған ел – мәңгі ұлы болары сөзсіз. Құрметті қонақ ретінде шақырған жезқазғандықтарға алғысым ерекше. Мен де ұстазбын. Қазір Моңғолия, Қытай мемлекеттерінде өнер мектептерім бар. Қала күніне арналған концерттік бағдарламада менің және шәкірттерімнің өнерін тамашалай аласыздар, – деген Рамазан Стамғазиев жастарды әрдайым алда болуға шақырып, ел болашағы отансүйгіш жастардың қолында екенін атап өтті.

Шараға келген құрметті қонақтардың бірі Қытай Халық Республикасында «Сыбызғы мұрагері» атағын иеленген ақсақал Бейілхан Қалиәкбарұлы. «Ақсақ құлан – Жошы хан» күйінің сыбызғыдағы үлгісін сақтап қалушы.

– Мен сыбызғышылар әулетіненмін. Сыбызғыны әкемнен үйрендім. Уақыт өте әке аманатына өз қызығушылығым қосылып, сыбызғыны мәңгілік серігім еттім. «Ақсақ құлан – Жошы хан» күйін менің атам ойнайтын еді. Ол ешқандай нота білмейтін. Мен де сыбызғы аспабында ойнауды нотасыз үйрендім. Бала күннен құлағыма сіңісті болған Кетбұқа баба күйін қазір өз шәкірттеріме үйретудемін. Бүгінгі таңда Дүнген автономиясында жетпістен аса шәкірт тәрбиелеп отырмын. Бізде сыбызғы аспабында ойнауды мектепте үйретеді. Тарих пен бүгінді байланыстырған «Ақсақ құлан» күй байқауын ұйымдастырушыларға үлкен алғысымды білдіремін, – деді ол.

Шара барысында қонақтардан қонаққәде сұралып, Рамазан Стамғазиев халық әндерімен сусындатып, Бейілхан Қалиәкбарұлы сыбызғыда әсем күйлерін ойнап, жиналған жұртшылықты таң-тамаша қылды.

Бекзат Алтынбеков пен колледж директоры Светлана Жумкина қонақтарға шапан жауып, алғысын білдірді.

Жезқазған гуманитарлық колледжінде де «Ақсақ құлан» Кетбұқа би атындағы I халықаралық күйшілер байқауының құрметті қонақтарымен кездесу өтті. Білім шаңырағының жастары мен оқытушылары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Біләл Ысқақов, қылқобызшы, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әншісі Қазбек Адыкеевпен кездесті.

Кездесу барысында қонақтар еліміздің рухани жаңғыруы жолындағы дәстүрлі өнеріміздің алар орны мен маңызы туралы кеңінен сөз етті. Қонақтар білім ордасының «Қаракөз» ән-би үйірмесінің өнерлі жастары дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалады және қыз балаларға арналған әсем күйлерімен сусындатты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

---

# КОНКУРС ҚАЗЫЛАРЫ МУЗЕЙДЕ БОЛДЫ

**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы аясында өткен «Ақсақ құлан» Кетбұқа би атындағы I күйшілер байқауының қазылар алқасымен баспасөз конференциясы өтті.**



Бес адамнан құралған қазылар құрамында «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы және қазылар алқасының төрағасы Төлеген Бүкіров, Қазақ ұлттық өнер университетінің аға оқытушысы Жұмабек Қадырқұлов, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің аға ғылыми қызметкері, өнертану бойынша PhD докторы Ардаби Мәулет, М.Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармониясының әртісі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Әзірбай Өскінбаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижеры, профессор Үкібай Дүйсен бар. Сонымен қатар, конференцияға БАҚ өкілдерімен қатар Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Бағдат Байжантаев, Жезқазған қалалық мемлекеттік архивінің директоры Дәметкен Орынбасарова, домбыра шебері Сарбаз Жүнісов, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Алмагүл Үмбетова, Жезқазған қалалық «Ана үйінің» психолог маманы Гүлмира Пирекенова қатысты. Қонақтарды күтіп алған музей қызметкерлері оларды музей экспонаттарымен таныстырды.

– Мен Кетбұқа бабамыздың өмірі мен шығармашылығын үш жыл бойы тыңғылықты зерттедім. Соның нәтижесінде «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық қоры құрылды. Кетбұқа бабамыз туралы біз білмейтін дүниелер әлі көп. Бабамыздың ғұмыр жолын дәріптеуде «Ақсақ құлан» Кетбұқа би атындағы I күйшілер байқауының маңызы өте зор. Байқауға жалпы 17 үміткер қатысты. Олардың ішінде Қытай Халық Республикасынан және Моңғолиядан келген қандастарымыз да бар. Жезқазғаннан 3 үміткер бақ сынады. Байқау өте тартысты өтуде. Байқаудың екінші кезеңіне бірінен-бірі озған 17 үміткердің барлығы жолдама алды. Осыған байланысты қатысушылардың екінші кезеңде орындайтын күйлер санын бестен екіге қысқартуға тура келді. «Ақсақ құлан» Кетбұқа би атындағы I күйшілер байқауына алыс-жақынды шетелдерден және елімізден елге белгілі құрметті өнер майталмандары шақырылды. Шара барысында байқауға сонау Қытай Халық Республикасынан келген Бағдар есімді азамат Нұр-Сұлтан қаласына келген сәтінде, сүйінші хабар естіп, ұлды болды. Бағдар ұлына ойланбастан «Кетбұқа» деп ат қойыпты. Біз шараға жиналған игі жақсылармен ойласа келе, кішкентай Кетбұқаға ат мінгіздік, – деді Төлеген Бүкіров өз сөзінде.

– Маңғыстау жерінде де Кетбұқаның көптеген күйлері сақталған. Кезінде Кетбұқа бидің «Ақсақ құлан – Жошы хан» күйін қазылар алқасының мүшесі Әзірбай Өскінбаевтың атасы, осы өңірдегі жеті қайқының бірі Өскінбай Қалманбетұлы 17 тарау қылып тартқан екен. Өкінішке орай, бұл бізге жазба түрде жетпеді. Бірақ, оның ұлы Мұрат Өскінбаевтың арқасында үш тарауы бүгінгі күнге жетіп отыр, – деген Жұмабек Қадырқұлов күйшілер байқауының өте жоғары деңгейде өтіп жатқандығын және кіл мықтының арасынан ең мықтыны таңдау оңайға соқпағандығын жеткізді.

Сонымен қатар, конференция барысында Төлеген Бүкіров қазылар алқасымен ойласа келе, Жезқазған музыкалық колледжіне Кетбұқа бидің атын беру туралы Президентке хат жолдап, ұсыныс білдіретіндіктерін жеткізді.

Шара соңында музей басшысы Раушан Қапарова қонақтарға естелік сыйлықтар табыстап, суретке түсті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

---

**Жезқазған жұртшылығы еліміздің басты заңы Конституцияның 24 жылдығын атап өту мақсатында Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен салтанатты жиынға асықты. Көк байраққа бет түзеп, «Туған жерім менің – Қазақстаным» деп Әнұранды шырқағандардың мерекелік көңіл-күйін қала басшысы міндетін атқарушы Аманғали Мұхамбединнің құттықтауы еселей түсті.**

# АЙБЫНЫ АСҚАҚ АТА ЗАҢ



Жиналғандарға ақ тілегін ақтарған Аманғали Әбдіхалықұлы:

– Еліміздің Ата заңы – саяси жүйе тұрақтылығының және оның сабақтастығының негізгі кепілі. 2017 жылы конституциялық реформа нәтижесінде билік тармақтары арасында функциялар мен өкілеттіліктерді бөлу күшейе түсті. Қолданыстағы Конституция әлеуметтік-экономикалық процестерді бейнелейді және сот-құқық жүйесінің кәсіби жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, қоғамдық сұраныстарды «естуші және түсінуші» мемлекет моделін дамытуға мүмкіндік береді. Біздің көпұлтты мемлекетіміздің тұрғындарының болашағы барлық азаматтардың құқықтарының толықтығын, олардың заң алдындағы теңдігінің және азаматтық бейбітшілік пен келісімді сақтауының негізгі кепілі Конституция болып табылады, – деп Ата заңның ел тәуелсіздігін нығайту мен ұларалық келісімді сақтаудағы маңызына тоқталды.

Сонымен қатар, ерен еңбегімен қазақ елінің гүлденуіне үлес қосқан жезқазғандықтарға марапат ұсынды. Алғаш болып марапат төріне алтын құрсақты ана Гүлмира Сыздықова көтерілді. Оның кеудесіне тағылған күміс алқа ананың бала тәрбиесіндегі және қоғамдағы жоғары рөлін тағы бір мәрте айшықтады. Келесі кезекте облысымыздың саяси-әлеуметтік дамуына қосқан үлестері мен еңбектегі табыстары үшін Силар Қияқбаев, Жұлдыз Капкеева мен Айткүл Айтжанова Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен, ал жас мемлекеттік қызметкер Мақпал Смайлова ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының Алғыс хатымен еленді. Жезқазған қаласының Құрмет грамотасын иеленгендердің қатарында – мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау органдарында, білім беру мен денсаулық сақтау саласында, өндіріс пен кәсіпкерлікте абыройлы еңбек еткендер.

Жылдағы дәстүр бойынша «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағы өз иелерін тапты. Биыл осы атаққа лайықталғандардың ішінде «Құрмет белгісі», Ленин ордендерінің және КСРО Халық шаруашылығы жетістігі көрмесінің қола медаль иегері, «Қазақмыс» корпорациясының құрметті еңбек ардагері Әріпжан Салқынбеков, ұзақ жыл өндірістік нысандар құрылысында, «Қазмысқұрылыс» тресінде еңбек еткен Қазақстанның құрметті құрылысшысы Амангелді Зәмекбаев пен азаматтық хал актілерін жазу мекемесінде жемісті еңбек етіп, әлеуметтік саланың дамуына айрықша үлес қосқан Аманкүл Оспанова бар.

2019 жыл Елбасының бастамасымен жастарға арналғандықтан, салтанатты шара белсенді жастарды қала халқына таныстыра отырып, қатарластарына үлгі ету мақсатында ұлықталды. Жас ғалым Ерден Байқоңыров бастаған жас кәсіпкер, жас маман мен жас көпбалалы ана алдағы күні де бойындағы қажыр-қайраты мен мүмкіндіктерін ел дамуына арнайтынын жеткізді. Ал, мереке қарсаңында салтанатты түрде алғашқы төлқұжатын қолына алған ұл-қыздар болса, олардың ізін жалғауға міндетті екендерін ұғынғандай болды.

Күні кеше ғана ұлттық «Мерейлі отбасы» конкурсының облыстық кезеңінде жеңімпаз атанған жезқазғандық Салқауовтар мен Стамқұловтар әулетіне де құрмет көрсетілді. Даңқты еңбек әулеттері жайында бейнеролик көрсетіліп, шаңырақтың киесіне айналған ақ жаулықты аналардың құшағы гүлге толтырылды.

Ел дамуының арқауы саналатын Конституцияның негізгі ұстанымы татулық пен бірлік болғандықтан мерекелік шара «Жезқазған – шынайы достық мекені» атты композициямен қорытындыланды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

---

# ЖЕЗҚАЗҒАНДА АЛҒАШ РЕТ

## *Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының ұжымы өнер көрсетті*

**Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы қарсаңында елімізде тұңғыш ашылған кәсіби музыкалық театр Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының концерт қоюы мысты шаһар тұрғындары үшін үлкен қуаныш болды.**



– Мен Жезқазғанға ең алғаш 1983 жылы келген болатынмын. Содан бері әр жылдары түрлі концерттерге келіп тұрамын. Бүгінгі концерттік бағдарламаға Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрынан тоғыз солист және елу төрт оркестр мүшесі келіп отыр. Бас дирижер – халықаралық байқаулардың лауреаты Қанат Омаров. Барлық жезқазғандықтарды қаланың 65 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын, – деді өнерпаздарды бастап келген Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры директорының орынбасары Қанат Қаражанов бізге берген сұхбатында.

– Біздің театр – Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Күләш Байсейітова, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев сынды күміс көмей, бұлбұл дауыс әншілер негізін қалаған өнер ордасы. Өнер ұжымымыз Италия, Франция, Германия, Жапония, Түркия, Қытай, АҚШ елдерінде болып, әлем жұртшылығын өз өнерлерімен тәнті етіп жүр. Біздің театрда тек Қазақстанға ғана емес, әлемге танымал өнер майталмандары жұмыс жасайды. Мереке қарсаңында біздің өнер ұжымын қалаларыңызға шақыртқандарыңызға қуаныштымыз. Мен Жезқазғанға бірінші рет келіп отырмын. Жезқазған халқы ашықтығымен, қарапайымдылығымен қайран қалдырды. Қала көшелерінде келе жатып, дүкен, такси жайымен тұрғындарға түрлі сауалдар қойған болатынбыз. Жезқазғандықтардың қай-қайсысы болса да бізге барлық нәрсені түсіндіріп, ерінбей жауап берді. Маған қаланың тыныштығы, тұрғындырының сабырлылығы, біздегідей жанталаспай, жайбарақат жайлы өмір сүріп жатқандықтары қатты ұнады, – деді Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, театр солисі Балапан Жұбаева.

Мерекелік концертке көрермендер көп жиналды. Шара барысында театр оркестрі Еркеғали Рахмадиевтың «Дайрабай», Пьетро Масканьидің «Қыстақ намысы» симфониялық күйлерін орындады. Және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері Гүлзат Дәуірбаева, Халид Нұралиев Еркеғали Рахмадиевтың «Қамар сұлу» операсынан дуэт, Болат Бөкенов Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсынан Шегенің термесін, Жадыра Аманова Мұқан Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсынан Сараның ариясын, Тахауи Рахметов Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсынан Шегенің термесін, Төлеген Рахымбаев Сыдық Мұхамеджановтың «Айсұлу» операсынан Серкенің каватинасын, Қайрат Өмірбеков Джоаккино Россинидің «Севиль шаштаразы» операсынан Базионың ариясын, Балапан Жұбаева Джузеппе Вердидің «Сицилия кеші» операсынан Еленаның болеросын, Александр Сметанин Жорд Бизенің «Кармен» операсынан Тореодордың қайырмасын орындап, залдың ыстық ықыласы мен қошеметіне бөленді.

Шара барысында Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры ұжымына алғысын білдіріп, қала әкімінің Алғыс хаты мен ықылас гүлін табыс етті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

# ҰЛЫҚ ҰЛЫСТЫҢ АТАСЫ



**Биыл Ұлық ұлыс – айбынды Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толып отыр. Осыған орай Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алтын Орданың 750 жылдығын лайықты атап өту және ұлыстың негізін қалаған Жошы хан есімін ұлықтау туралы сөздерін зор ықыласпен қабылдадық.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Жошы хан (1180–1227 жж.) негізін қалаған Алтайдан Альпіге, Ертістен Дунайға дейінгі алқапта билік еткен, Дешті-Қыпшақ даласында шаңырақ көтерген алып мемлекет әдепкіде Ұлық ұлыс деп аталды. Кейін бұл атау орыс, славян, батыс жылнамаларында хан ордасының алтынмен көмкерілген ордалық киіз үйіне қарай Алтын орда деп аталып кетті.

Тамырлы тарихымыздың бедерлі кезеңін қамтитын Ұлық ұлыс Қазақ хандығының бастауы саналады. Оның бай тарихы қазақ даласымен және халқымыздың негізін құраған ру-тайпалармен тығыз байланысты. Алайда жұртшылықтың көбі, әсіресе шетелдіктер Ұлыстың атасы Жошы ханның мазары Ұлытауда жатқанын біле бермейді. Бұл ескерткіштің Шыңғыс қаған мен оның әулетінен жер бетінде қалған жалғыз белгі екенінен де көбіміз хабарсызбыз. Оған 2017 жылы Ұлытауға жасаған халықаралық экспедиция барысында көзіміз жетті. Ұлы қаған мен Жошының ұрпақтары тұрмақ, кешегі Қазақ хандығының негізін қалаған тұғырлы тұлғалардан көзге түсерлік, жадыны жаңғыртарлық естелік белгі тым аз қалған жоқ па? Ендеше Сарыарқаның сайын даласының төрінде сан ғасырдан бері көненің көзіне, алтын аңыздың сөзіне айналған бұл аруақты ескеркіштің қастерлі қазақ даласының Алтын Орданың мирасқоры екенін әйгілеп тұрғаны анық!

### Жошы ханның жұмбағы

Жошы – жолшы, жолаушы, қонақ деген мағына береді. Оның жолда дүниеге келгені, анасының ұзақ уақыт меркіт руы арасында тұтқын болғаны, сондықтан тегінің де «күмәнді» екендігіне қатысты әртүрлі әңгімелер көп айтылды. Көбіне бұған дәлел ретінде де Шыңғыс ханның меркіттермен соғысын алға тартады. Ал, Жошы ханның бұл тарихын әйгілі Рашид ад-дин (1247 – 1318 жж.) «Жамиғ ат-тауарих» шығармасында былайша баяндайды: «Жошы хан Шыңғыс ханның ұлдарының арасындағы ең үлкені болатын. Шыңғыс ханның әйелі Бөрте ханым Жошы ханға жүкті болды. Осы уақытта меркіт руы, ыңғайлы сәтті тауып Шыңғыс ханның үйін тонап, оның жүкті болған әйелін де тұтқынға алып кетті. Бұл ру осыған дейін керейіт патшасы Оң ханмен дұшпан болып, дауласып келген болса да, сол кезде олардың арасында бейбітшілік орнаған еді. Сондықтан олар Бөрте ханымды Оң ханға жіберді. Ол Шыңғыс ханның әкесімен екеуі аңда болғандықтан әрі Шыңғыс ханды ұлым деп атағандықтан, Бөрте ханымды сыйлайтын әрі құрмет ететін» дей келе, бұл жағдайдан хабардар болған Шыңғыс ханның Оң ханға Бөрте ханымды қайтарып беру туралы өтінішпен жалайыр руынан шыққан Саба есімді әміршіні жібергені туралы баяндайды. Оң хан Бөртеге қамқорлық жасап, оны Сабамен бірге қайтарған. Әрі қарай Рашид ад-дин былай жалғастырады: «Жолда кенеттен дүниеге ұл туды, осы себептен оны Жошы (Жолшы) деп атады. Жол қауіпті болғандықтан бесік құрастыру қиын еді. Саба біраз жұмсақ қамыр илеп, оған баланы орап алды да, оны өзінің етегіне салып алды. Ол оны абайлап алып жүріп, Шыңғыс ханға жеткізді. (Жошы) өскенде әрдайым әкесіне еріп жүрді және сәттілік кездерде де, қиындық кездерде де үнемі оның жанында болды».

Демек, Бөрте тұтқынға түскенге дейін жүкті болған, ал аяғы ауыр келіншекті меркіттер Оң ханға берген. Шыңғыс ханды ұлындай көрген керей ханы оны еріне қайтарған. Бұл мәлімет Моңғолдың құпия шежіресінде және Мырза Ұлықбектің «Улус-и арба-и Чингизи», Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрк шежіресі», Қадырғали би Жалайыридің «Жамиғ ат-тауарих» еңбектерінде қайталанады. Мырза Ұлықбек тұтқынға түскенде Бөртенің алты айлық жүкті болғанын жаза отырып: «Ұлы Сахиб-и Қыран Шыңғыс ханның мейірімділігі, махаббаты мен игі ниеттілігі шамадан тыс болғандығы соншалық, Шағатай мен Үгедей қызғаныштан осындай үлкен өтірікті ойлап тапты» деп, олардың Жошыға жала жапқанын айтады. Ендеше Жошының тегіне байланысты күмән болмауы тиіс деп ойлаймыз.

Өзі ғалым, өзі хан Ұлықбек «Шыңғыс хан Жошыны өзге ұлдары мен қыздарынан көбірек жақсы көрді» дейді. Бұл рас сөз сияқты. Мәселен, «Моңғолдың құпия шежіресіне» жүгінсек, Қоян жылы (1207) оң қанат әскерімен Орман еліне аттанған Жошы мәмілегерлік тәсілмен ойрат пен қырғызды бағындырып оралғанда Шыңғыс хан сүйсініп: «Ұлдарымның ағасы сен үйден шыға сала жолың болып, барған жеріңде ерді жарақаттамай, жылқыны қинамай, ырысты Орман ел-жұртын түгел бағындырып келдің. Осы ел-жұртты саған берейін», деп жарлық еткені баяндалады. Бұл – ұлы қағанның ұлына сүйсініп, сенгенін, болашақ мұрагер ретінде үміт артқанын көрсетеді. Жошы бұдан кейін Дешті-Қыпшақ даласы мен Сартауылға (Хорезмге) жасаған жорықтардың басында жүрді. Ол барлық сапарларынан тек жеңіспен оралды. Парсы тарихшысы Жузжани (1226) еңбегінде «Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы өте батыл, қайсар, ержүрек жауынгер болды. Оның күш-қуаты соншалықты, тіпті әкесі одан сескенетін еді» дейді.

Дүниеге келуі көп әңгімеге негіз болған Жошының өмірден озуы да, өлімі де жұмбақ. Өтеміш қажы «Шыңғызнаме» шығармасында «Шыңғыс хан бір тарапы Бағдат, екіншісі Үндістан, үшіншісі Дешті-Қыпшақ пен Еділ дариясы болған уәлаяттарды жаулап алғаннан соң, осы уәлаяттарды өзінің ұлдарына бөліп берді... Жошы хан ұлдарының үлкені еді. Шыңғыс хан оған үлкен әскер берді де, Дешті-Қыпшақ уәлаятына тағайындап жіберді: «Аттарыңа жайылым болсын» деп Хорезм уәлаятын тағы берді. Жошы хан Дешті-Қыпшаққа бет алып, әйгілі Ұлытауға жетті. Бір күні тауда аң аулап жүргенінде оған бір табын марал-киік кезігеді. Аңды қуалап жүріп атарда ол атынан жығылды да, содан мойны үзіліп, мерт болды» деп жазады. Ал Ұлықбек: «... Ордаға Жошы ханның өлімі туралы хабар келгенде, хабарды ұлы Сахиб-и Қыран Шыңғыс ханға жеткізуге ешкімнің батылы жетпеді. Ақыры әмірлер бір шешімге келді: ханға жақын ұлы әмірлердің бірі Ұлық жыршыдан бұл хабарды мүмкіндігінше жеткізуін сұрау. Содан соң ұлы Шыңғыс хан жыр айтуға бұйырғанда, Ұлық жыршы ыңғайлы уақыт тауып жеткізгенін» жазады. Әрі қарай оқиға былай өрбиді:

Теңіз бастан бұлғанды, кім тұндырар, а, ханым?
Терек түптен жығылды, кім тұрғызар,а, ханым?– деп сұрайды жыршы.

Шыңғыс хан бұған:

Теңіз бастан бұлғанса, тұндырарұлым Жошы-дүр,
Терек түптен жығылса, тұрғызарұлым Жошы-дүр!– жауап береді.

Бірақ жыршы өзінің өлеңін қайталай беріп, көзінен жас ағып тұрды. Мұны көрген Шыңғыс хан секем алып:

Жырың көңіл үркітер,
Жошы ұлым өлді ме? – деп сұрайды.

Сонда жыршы Шыңғыс ханға қарап:

Сөйлемекке еркім жоқ, сен сөйледің, а, ханым!
Өз еркіңмен өзіңе жауап бердің, а, ханым! – деген екен егіліп.

Осы кезде Шыңғыс хан да:

Құлыны өлген құландай,құлынымнан айрылдым,
Айрылысқан аққудай, ер ұлымнан айырылдым! – деп жоқтаған екен.

Бұл дерек қазақ аңыздарымен де сәйкеседі. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Алаша ханның Жошы хан деген жалғыз баласы болыпты. Құлан қуамын деп, бала астындағы аты желігіп, құланның әңгісіне еріп, қазасы сонан болып, бала аттан жығылып, құлан теуіп өлтіріпті.

Алаша хан, Жошы хан,
Ақсақ құлан жосыған.
Құлан теуіп өлтірді,
Бұйрығын ақтан келтірді, – дейтұғын сөз содан қалған», – деген дерек келтіреді. Халық күйі «Ақсақ құлан» да осы аңызбен сарындас шыққан. Мұнда Ұлық жыршы Кетбұқа, Кербұға күйші деп аталады. Тек алдыңғы деректе Шыңғыс хан өзін «құлыны өлген құланға» теңеп отырса, халық фольклорында Жошының ажалы құланнан болған. Бұл аңызға сенсек, Арқадағы Алаша хан – Жошы ханның әкесі болып шығады.

Жошының өлімі туралы Рашид ад-диннің дерегі де қызық. Ол Отырарды алғаннан кейін әкесінің бұйрығын тыңдамай, өз меншігіндегі елге кетіп қалған Жошыға Шыңғыс ханның ашуланып, «өлімге кесем, оған мейірім болмас!» дегенін жазады. Осы деректе сүйенсек, Жошы көп ұзамай сырқаттанып қалған, сөйтіп әкесінен кешірім сұрап, оның шақыртуларына бара алмаған. Соңғы рет шақырту жібергенде келмегенде құзырына шыққан бір маңғұт Жошының тауда аң аулап жүргенін көргенін айтады. Бұған ашуланып, «ол бүлік шығарып, әкесінің сөзіне мән бермейтін болған екен» деп ойлаған Шыңғыс хан Жошыны жазалау үшін Шағатай мен Үгедей басқаратын әскерге жорыққа шығуға бұйрық береді. Өзі де жорыққа аттанбақ болып тұрғанда Жошының сырқаттан қайтыс болғанын естіп, қатты қапа болады. Артынша әлгі жалған сөйлеген маңғұтты іздеткенімен, оны таба алмайды. Шыңғыс хан мен оның әулеті жөніндегі ең сенімді жылнамалар жинағы осылай дейді. Бұған қарап Шағатай мен Үгедейдің шағыстыруымен Шыңғыс хан мен Жошының арасы суып кеткенін аңғаруға болады. Тіпті, әлгі маңғұтты Жошының екі інісі әдейі ұйымдастыруы әбден мүмкін. Сондықтан Шыңғыс хан Жошыны «тағыма таласады» деген күдікпен жансыздары арқылы өзі өлтірді деген де болжам бар.

### Көк күмбезді кесене

Жошы қайтқаннан кейін Ұлы далада, Ұлытау өңірінде әсем кесенесі бой көтерді. Кесене маңында Жошы ордасы деген жер бар. Қаракеңгір өзенінің жағасында орналасқан Жошы хан кесенесі порталды-күмбезді құрылыс түріне жатады. Күмбезі көгілдір түсті глазурмен жабылған, күйдірілген кірпіштермен қаланған. Ж.Смаиловтың жетекшілігімен Жошы хан мазарына жүргізілген қазба жұмыстары барысында шикі кірпіштен салынған қоныстардың орны анықталған.

Ұлытау өңіріндегі бұл кесенелер туралы алғаш рет XVI ғасырдағы Хафиз Таныштың «Шараф-наме-и шахий» атты еңбегінде кездеседі. Аталған тарихи еңбекте 1552 жылдың көктемінде Бұхара билеушісі Абдаллахтың Ұлытауға жасаған жорығында осы Жошы хан кесенесі маңындағы сарайға тоқтағаны туралы жазылады.

Жошы хан кесенесі туралы академик Қаныш Сәтбаев «Доисторические памятники в Джезказганском районе» атты зерттеу мақаласында: «Басқағыл тауының оң жағында, Кеңгір өзенінің жағасында күйдірілген кірпіштен соғылған, күмбезді, төртбұрышты көне үш кесене сақталған. Кесенедегі кірпіштің пішіні мен көлемі «алтынордалық стильге» жақын. Халық арасындағы аңызға сүйенсек, бұл кесенелер Алаша хан, Жошы хан және дәулескер күйші Домбауылға тиесілі екен» деп жазды.

Одан кейін 1946 жылы академик Әлкей Марғұлан Жошы хан кесенесіне алғаш рет археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Кесененің ішіне қазба жұмысын жүргізгенде екі қабір анықталған болатын. Бірінші қабірден темір шегелермен бекітілген ағаш табыттың қалдықтары табылған. Қазбаны жалғастыра түскенде қабірдің түбінен үстіңгі жақ сүйегі жоқ адамның бас сүйегі шыққан. Ең қызықтысы, сүйектерді жинастырғанда бір қолдың сүйектері жетіспейтіндігі анықталды. Қабірге орта жастағы ер адам жерленген екен. Қабірден жабайы жануар сүйектері, түйенің бас сүйегі, былғарының бөлшегі, мата және ту табылды. Ғалым әсіресе қабірге жабайы жануарлардың сүйегінің қойылуына аса мән бере отырып, бұл факті «Жошыны аң аулап жүргенде жабайы құландар теуіп өлтірді деген тарихи деректерді қуаттайды», – дейді. Ә.Марғұлан қабірден табылған археологиялық артефактілерді, аңыз-әңгімелер мен жазба деректердегі мәліметтерді салыстыра келе, бұл кесенедегі қабірлер Жошы хан мен оның әйелдерінің біріне тиесілі деген шешімге келеді. Бір аңыздарда Жошы хан қабірге бір қолсыз жерленген десе, келесі аңызда бұл кесенеде Жошының тек бір қолы немесе «Жошы ханның шынашағы» қойылған дейді. Ә.Марғұлан кесенені 1228 жылы, марқұмның жылдығына дейін тұрғызылған дейді.

Археолог Ж.Смаилов кесененің салыну мерзімі туралы: «Өзбек хан тұсында Алтын Ордада ислам діні гүлденіп, мемлекеттің ресми дініне айналды. Осы уақытта Жошы әулеті ата-бабаларына арнап кесене тұрғыза бастады, солардың біріншісі Жошыға арналса керек. Кейіннен мұнда Жошы ұрпақтарының бірі жерленген болуы мүмкін», деген пікірді алға тартады.

Зерттеушілердің арасында кесененің уақытына қатысты түрлі пікірлер болғанымен, оның сәулеттік құрылымы Қарахан дәуірінің архитектуралық ескерткіштерінен алыс кетпегенін байқаймыз. Ескерткіштің жоғары жағының күмбезді болып орнатылуы шығыстық, мұсылмандық үлгіде орындалғанын көрсетеді. Осы кесенеге қазба жүргізу барысында табылған тарихи-мәдени құндылығы жоғары жәдігердің бірі – араб жазуы бар плита ойымызды қуаттай түседі. Бұл деректер кесене салынған уақытта Ұлық ұлыстағы ислам дінінің әлеуетін көрсетеді. Ғалымдар археологиялық, архитектуралық ерекшеліктеріне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындылары бойынша кесене Жошыға арнап орнатылған деген тоқтамға жүгінеді. Біздіңше, бұл кесенені Жошының ұлы Берке салдырған болуы тиіс. Тарихшы Жузжани Берке хан туралы «Жошы ханның ұлы Берке жорық кезінде мұсылман жерінде туған екен. Берке туар кезінде анасына Жошы былай деген екен: «Осы ұлды мұсылман ене асырасын, кіндігін мұсылман кессін, Берке мұсылман ананы еміп өссін, ол мұсылман болып өссін». Егер осы әңгіме шын болса, Жошыға Алла тозақ отын жеңілдетсін. Сөзсіз осы батамен Берке өсіп ержеткен соң мұсылмандыққа бет бұрды. Осы заман 658 хижра жылы (1259 – 1260) Жошыдан қалған мұсылман билеуші осы болатын» деп жазған екен. Бұл дерек бізді Жошы заманы ұлыста мұсылмандықтың бастауы болды деген ойға итермелейді. Жошының бір баласының есімі Мұхаммед болуы да ойымызды бекіте түседі. Ендеше, ислам дінін қабылдаған Беркенің өз әкесін мұсылман ғұрпымен жерлеуі әбден мүмкін.

### Аңыз түбі – Алаша хан

Жошы хан кесенесінен 30 шақырым ғана жерде Алаша хан кесенесі орналасқан. Бұл кесене Жошының әкесі Шыңғыс ханға арнап орнатылған деген көнекөз әңгімелермен қатар, ғылыми зерттеулерге сүйенген қарама-қайшы пікірлер көп кездеседі. Кесене порталды-күмбезді сәулет өнері үлгісіне жатады. Оның мазарға кіретін қақпасы арка түрінде әспеттеліп, әдемі өрнекпен өрілген. Кірпішті өріп қалау тәсілі, шығыстық үлгідегі қасбеті, ондағы ою-өрнектер – барлығы ортағасырлық дәстүрлі сәулет өнерін көрсетеді. Кесененің композициялық құрылымы, әсемделген күмбезі, ою-өрнекті кірпіштері, шығыстық үлгідегі қақпасы ортағасырлық Қарахан дәуірінде кең таралған сәулеттік құрылыстарды еске түсіреді. Жошы хан мен Алаша хан кесенелерінің архитектуралық құрылымдары бір-біріне ұқсас.

Алаша хан кесенесін алғаш зерттеген ғалым, академик Қ.Сәтбаев халық аузындағы әңгімелерге сүйеніп: «Алаша хан дегеніміз XVI ғасырда билік құрған Хақназар хан» десе, Ә.Х. Марғұлан бұл кесененің композияциялық құрылымын Мервтегі Санжар сұлтан мен Кермандағы Мир-Саид Бахромның (X – XII ғғ.) кесенелеріне жақындығын ескере келе, Алаша хан кесенесі моңғол дәуіріне дейін орнатылған дейді. 1946 жылдары Г.Г. Герасимов кесененің архитектуралық ерекшеліктерін басқа да ортағасырлық ескерткіштермен салыстырып, кесенені халық шеберлері XIII ғасырдың екінші жартысында тұрғызған деп тұжырымдайды.

Кесененің уақыт пен жауын-шашын тезінен тозған кірпіштері, көнерген күмбезі, шығыстық үлгіде салынған қасбеті, сегіз қырлы қабырғалары, жалпы сәулеттік стилі ерте дәуірлерге жетелейді. Кесененің сәулеттік құрылысының археологиялық, архитектуралық ерекшеліктері мен халық жадындағы аңыз-әңгімелерді саралай келгенде, Алаша хан кесенесінің Жошы кесенесімен шамалас кезеңде салынғаны байқалады. Алаша хан кесенесінің алдынан табылған кірпіште үш аяқты төре таңбасы кездеседі. Н.Базылханның пікірінше, бұл таңба Берке ханның таңбасымен сәйкес келеді. Ал Берке хан (1209 – 1266) заманында Ұлық ұлыста ислам дінінің кеңінен таралғаны белгілі. Жошы мен Алаша хан кесенелерінен табылған арабша жазуы бар плита мен төре таңбасының Берке таңбасымен сәйкес келуі, ескерткіштің салыну мерзімін Берке билік еткен жылдармен сәйкес келеді деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Әмір Темірдің Қожа Ахмет Ясауи кесенесін орнату үшін алдымен оның ұстазы Арыстан бабқа кесене салдырғаны тарихтан белгілі. Сол сияқты, біздіңше, алты Алаштың атасы, ұлыстың ұраны саналған Алаша хан кесенесі аңыздық Ашина, көне кітаптардағы Абулжа-Алынша ханнан бастап Алаша-Шыңғыс ханға дейінгі Жошының бүкіл бабаларына арналып, символикалық мақсатта салынған болуы мүмкін.

Жошы хан мен Алаша хан – қазақ тарихының қайнар бастауында тұрған тұлғалар. Ұлт ұясы Ұлытау аймағындағы ұлы ханның киелі кесенесі – ұлыстың атасына деген ғасырлар елегінен өткен халық махаббатының тозбас көрінісі. Сондықтан Жошы мен Ұлық ұлысқа лайықты құрмет көрсету – парызымыз. Бұл тұрғыдан алғанда, Ұлық ұлыстың 750 жылдығы тұсында Жошының атына бір көшенің, яки бір ескерткіштің болмауы – елдігімізге сын деп ойлаймыз. Сонымен қатар осы мерейлі жылда Жошы хан, Алаша хан кесенелеріне кешенді түрде археологиялық, этнографиялық зерттеу жұмыстары қолға алынып, «Орда Базар» қаласы мен «Жошы Ордасын» анықтау қажет деп есептейміз. Табылған археологиялық артефактілерге жіті назар аударып, кесенеде жерленген тұлғаның антропологиялық келбетін қайта қалпына келтіруге болар еді. Кесенедегі таңбалар мен жазуларды тарихи, тілдік тұрғыда зерделеп, реставрация және консервация жұмыстарын да жүргізу қажет-ақ. Ғылыми жинақтар шығарып, белгілі ғалымдардың қатысуымен конференциялар өткізу ісі де Алтын Орда зерттеулерін жаңа белеске көтереді. Осындай іргелі жұмыстарды ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде бастап кеткен Халықаралық Түркі академиясы бұл іске дайын.

Ұлық ұлыстың ұлағатты тарихымен Жошы хан тұлғасы жайында фильмдер түсірілсе деген тілек бар. Келешекте жолдарды түзетіп, дәмхана, қонақүй кешендерін халықаралық стандартқа сәйкестендіріп, туристік бағыт қолға алынса, Жолдауда айтылғандай, тұғырлы тұлғаға арнап келушілер легі көбейе түсері анық.

Президентіміздің Ұлытауға сапары көптен көкейде жүрген осы тілектердің орындалуына түрткі болады деп сенеміз!

**Дархан ҚЫДЫРӘЛІ**
*«Egemen Qazaqstan»*

# «DIGITAL AGENT» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

### *қызмет сапасын бағалауға әділ бағалауға жол ашады*

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің басты мақсаттарының бірі – халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру.**




DIGITAL KAZAKHSTAN

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру – тұрғындардың мемлекеттік органдар қызметіне сенімін көтеру болып табылады. Бүгінгі күні «қызмет алушыға бағдарлану», қызмет алудың ашықтығы мен қол жетімділік қағидаттары басым.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында оларды смартфон арқылы онлайн түрде бағалау мүмкіндігі әзірленді. 2018 жылдың қараша айыннан бастап қосылған «Digital agent» (Цифрлық агент) мобильді қосымшасы арқылы кез келген қызмет алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің сапасына баға беріп, сондай-ақ, өтініштер мен ұсыныстарды қалдыра алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау критерийлерінің тізбесінде: мамандардың біліктілігі, сыпайылығы, әдептілігі, мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі жағдайлар, әкімшілік кедергілер және т.б. көзделген. Бағалау 5 балдық жүйе арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар, мобильді қосымшаға суреттер мен бейнематериалдарды жүктеу мүмкіндігі бар.

Бүгінгі таңда қызмет алушылар Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, қала және аудандық мемлекеттік кірістер басқармаларының, еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменті, сот органдары көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалай алады. Сондай-ақ, қазіргі уақытта мобильді қосымшаға жергілікті атқарушы органдар мен денсаулық сақтау мекемелерін тіркеу жүргізілуде.

Мемлекеттік қызметтер сапасына бүгінгі таңда мобильді қосымша арқылы 2764 баға түсті, оның – 95% оң, ал 5% жағымсыз бағалар. Барлық жағымсыз өтініштер толық қарастырылып, уақытылы өңделіп, олар бойынша оң шешімдер қабылданды. Көбіне жағымсыз пікірлер Мемлекеттік корпорация филиалдарының қызметіне, оның ішінде ұзақ кезекке, қызметкерлердің біліктілігіне және т.б. қатысты түседі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарында және ел көп шоғырланатын жерлерде мобильді қосымшаны қолдану бойынша «LED экрандар» арқылы бейнероликтер көрсетіліп, нұсқаулықтар мен жадынамалар орналастырылып, кітапшалар таратылуда. «Digital agent» мобильді қосымшасын кез келген тұлға «Play market», «App store» сервистік бағдарламалары арқылы жүктеп қолдана алады. Аталмыш қосымшаны орнатқаннан кейін тек тіркеуден өту қажет. Содан соң,бағалайтын қала мен мекемені таңдайды. Бағалау жолданғаннан кейін департамент қызметшілері өз құзыреті шегінде әрекет етеді, қысқа уақыт ішінде мәселелі сұрақтарды қарап, шешу жолдарын қарастырады.

Енді әрбір азамат көрсетілген мемлекеттік қызмет бойынша кері байланыс бере отырып, мәселесін шеше алады.

**Г.МЕДЕУОВА,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы**

СЕМИНАР



# АДАМ ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның хатшысы Тастемір Әбішев Жезқазған қаласына келіп, мемлекеттік қызметкерлер мен қала тұрғындарына «Қазақстандағы адам құқықтарын қорғаудың ұлттық және халықаралық тетіктері» атты оқу семинар-тренингін өткізді. ЕҚЫҰ өкілдерінің қатысуымен өткен семинар-тренингте азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының классификациясы, оны қорғаудың халықаралық тетіктері, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық пакт, адам құқықтары туралы билль, азаматтық, ұжымдық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтар, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы түсіндірілді. Сондай-ақ, адам құқықтары жөніндегі жарғылық, келісім-шарттық органдар таныстырылып, қатысушыларға өз құқықтарын қорғау мақсатында БҰҰ-ның азаптауға қарсы, нәсілдік кемсітушілікті, әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою, адам құқықтарын қорғау жөніндегі комитеттер туралы ақпарат берді.

Семинар-тренинг барысында Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексін жазушы ғалымдардың бірі Светлана Жаркенова, Алматы қаласындағы «Дағдарыс» орталығының директоры Зульфия Байсынова, комиссия сарапшысы Анна Чакерхан, ЕҚЖҰ-ның Нұр-Сұлтан қаласындағы бөлімінің қызметкері Күнсұлу Демеуова арнайы баяндама жасап, қатысушылар сауалына жауап берді.

– Біз ел азаматтарына өз құқықтарын түсіндіру мақсатында осыған дейін Қазақстанның он бес қаласын араладық. Былтыр Қарағанды қаласында семинар-трениг өткіздік. Биыл Бұқар жырау және Абай аудандарына да барып, тұрғындармен кездесіп, пікір алмастық, тіпті қимай қоштасқан сәттер де болды. Біздің орталық аймақтағы қалалармен жұмысты бірінші кезекке қойып отыр. Сол мақсатта Семей қаласында да осындай үлкен жиын болды. Міне, бүгін Ұлытау-Жезқазған аймағына келіп отырмыз. Болашақта Арқалық қаласында да семинар-тренинг ұйымдастыру жоспарлануда, – деді Тастемір Әбішев.

Шара барысында Тастемір Әбішев қатысушыларға тек азаматтық құқық қағидаларын ғана түсіндіріп қана қоймай, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» Жолдауларына тоқталып өтті. Сондай-ақ, Ұлттық кеңес жұмысының негізгі мақсат-міндеттерін түсіндірген ол, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауының негізгі бағыттарымен де таныстырып өтті.

Адам құқықтарын қорғаудың негізгі механизмдері кеңінен сөз болған семинар-тренинг Сәтбаев қаласы мен Ұлытау ауданында жалғасын тапты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суретті түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2019 жылғы 26 тамыз* *№ 37/326* *Жезқазған қаласы*

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 24 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ XXX СЕССИЯСЫНЫҢ №30/274 «2019-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

*Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2019 жылғы 29 тамызда нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5447 болып енгізілді.*

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы XXX сессиясының №30/274 «2019-2021 жылдарға арналған Жезқазған қаласының бюджеті туралы» (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5090 тіркелген, 2019 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік- құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде, 2019 жылғы 11 қаңтардағы №01 (8115), 2019 жылғы 18 қаңтардағы №02 (8116) «Сарыарқа» газетінде, 2019 жылғы 11 қаңтардағы №1 (257), 2019 жылғы 18 қаңтардағы №2 (258) «Жезказганский вестник» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. 2019-2021 жылдарға арналған қалалық бюджет 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 19002277 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 8070653 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 39077 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 43509 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 10849038 мың теңге;

2) шығындар - 20266851 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 1062968 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 1114761 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 51793 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге,

оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 2327542 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2327542 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 1258161 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 54483 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1123864 мың теңге.»;

4 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«4. 2019 жылға арналған қалалық бюджеттің түсімдерінің құрамында облыстық және республикалық бюджеттерден 9784997 мың теңге сомасындағы ағымдағы нысаналы трансферттер мен даму трансферттері қарастырылғаны ескерілсін.»;

аталған шешімнің 1, 4, 5, 8 қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3, 4 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

**Сессия төрағасы А.ДОСАНОВ**
**Қалалық мәслихат хатшысының**
**міндетін атқарушы С.ФИЛИПОВИЧ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 26 тамызындағы XXXVII сессиясының №37/326 шешіміне 1 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы XXX сессиясының №30/274 шешіміне 1 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | **I. Кірістер** | 19002277 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 8070653 |
| | 01 | | Табыс салығы | 3842633 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 3842633 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 2960000 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 2960000 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 930998 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 632511 |
| | | 3 | Жер салығы | 28088 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 269445 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 954 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 301064 |
| | | 2 | Акциздер | 9367 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 205070 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 73814 |
| | | 5 | Ойын бизнесіне салық | 12813 |
| | 08 | | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 35958 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 35958 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 39077 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 20547 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 20547 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 18530 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 18530 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 43509 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 2500 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 2500 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 41009 |
| | | 1 | Жерді сату | 25900 |
| | | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 15109 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 10849038 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 10849038 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 10849038 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II.Шығындар | 20266851 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 619827 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 396137 |
| | | 112 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 37719 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 31669 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 6050 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 291121 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 282308 |
| | | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 8813 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 67297 |
| | | | 001 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 52624 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 14673 |
| | 2 | | | Қаржылық қызмет | 4300 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 4300 |
| | | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 4300 |
| | 9 | | | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер | 219390 |
| | | 454 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі | 37307 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 36993 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 314 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 97203 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 72956 |
| | | | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 10100 |
| | | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 14147 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 84880 |
| | | | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 75780 |
| | | | 015 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 9100 |
| 02 | | | | Қорғаныс | 25183 |
| | 1 | | | Әскери мұқтаждар | 23633 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 23633 |
| | | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 23633 |
| | 2 | | | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | 1550 |
| | | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 1550 |
| | | | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 661 |
| | | | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 889 |
| 03 | | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 81227 |
| | 9 | | | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер | 81227 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 81227 |
| | | | 021 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 81227 |
| 04 | | | | Білім беру | 7827332 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 1126506 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1126506 |
| | | | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 1126506 |
| | 2 | | | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру | 5346127 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 4088339 |
| | | | 003 | Жалпы білім беру | 3871132 |
| | | | 006 | Балаларға қосымша білім беру | 217207 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 1257788 |
| | | | 024 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 1257788 |
| | 9 | | | Білім беру саласындағы өзге де қызметтер | 1354699 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1354699 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 43941 |
| | | | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 210545 |
| | | | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі | 40602 |
| | | | 022 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 947 |
| | | | 029 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 20436 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 1035847 |
| | | | 068 | Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету | 2381 |
| 06 | | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 1349019 |
| | 1 | | | Әлеуметтік қамсыздандыру | 388251 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 369592 |
| | | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 369592 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 18659 |
| | | | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 18659 |
| | 2 | | | Әлеуметтік көмек | 794375 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 763031 |
| | | | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 344861 |
| | | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 3535 |
| | | | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету | 2400 |
| | | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 110279 |
| | | | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету | 1629 |
| | | | 013 | Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу | 50495 |
| | | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 127420 |
| | | | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 81455 |
| | | | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету | 40957 |
| | | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 31344 |
| | | | 008 | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау | 31344 |
| | 9 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 166393 |
| | | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 166393 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 47351 |
| | | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 644 |
| | | | 021 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 50427 |
| | | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 64171 |
| | | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 3800 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 4554073 |
| | 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 2014848 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 116288 |
| | | | 004 | Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету | 115504 |
| | | | 005 | Авариялық және ескі тұрғын үйлерді бұзу | 784 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 1874353 |
| | | | 003 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау | 332275 |
| | | | 004 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 1288068 |
| | | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 254010 |
| | | 479 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі | 24207 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 24207 |
| | 2 | | | Коммуналдық шаруашылық | 1654803 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 67644 |
| | | | 012 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі | 67644 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 1587159 |
| | | | 006 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту | 1563330 |
| | | | 007 | Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту | 23829 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 884422 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1007 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 715 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 292 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 883415 |
| | | | 015 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 123000 |
| | | | 016 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 30000 |
| | | | 017 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу | 3891 |
| | | | 018 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру | 726524 |
| 08 | | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 873982 |
| | 1 | | | Мәдениет саласындағы қызмет | 192941 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 192941 |
| | | | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 192941 |
| | 2 | | | Спорт | 239019 |
| | | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 136129 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 18500 |
| | | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 7566 |
| | | | 005 | Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту | 78229 |
| | | | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 11979 |
| | | | 007 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 19855 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 102890 |
| | | | 008 | Спорт объектілерін дамыту | 102890 |
| | 3 | | | Ақпараттық кеңістік | 274209 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 125209 |
| | | | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 112187 |
| | | | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 13022 |
| | | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 149000 |
| | | | 002 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 149000 |
| | 9 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер | 167813 |
| | | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 73873 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 24879 |
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 48994 |
| | | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 93940 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 51241 |
| | | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 42699 |
| 09 | | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 2412780 |
| | 9 | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер | 2412780 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 2412780 |
| | | | 036 | Газ тасымалдау жүйесін дамыту | 2412780 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 179761 |
| | 1 | | | Ауыл шаруашылығы | 117397 |
| | | 473 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі | 117397 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 17667 |
| | | | 005 | Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 10000 |
| | | | 006 | Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру | 600 |
| | | | 007 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 10200 |
| | | | 009 | Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу | 4000 |
| | | | 010 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 15138 |
| | | | 011 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 25276 |

►► 8-бетте

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*(Жалғасы. Басы 7-бетте.)*

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 34516 |
| | 6 | | | Жер қатынастары | 59574 |
| | | 463 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 59574 |
| | | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 25237 |
| | | | 003 | Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру | 33500 |
| | | | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 837 |
| | 9 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер | 2790 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 2790 |
| | | | 099 | Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру | 2790 |
| 11 | | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 122923 |
| | 2 | | | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 122923 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 71159 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 71159 |
| | | 468 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі | 51764 |
| | | | 001 | Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 20624 |
| | | | 003 | Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу | 31140 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 1522474 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 1499648 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 866 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 866 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1498782 |
| | | | 022 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 10628 |
| | | | 023 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1288154 |
| | | | 045 | Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 200000 |
| | 9 | | | Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер | 22826 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 22826 |
| | | | 037 | Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау | 22826 |
| 13 | | | | Басқалар | 472344 |
| | 3 | | | Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау | 20855 |
| | | 454 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі | 1361 |
| | | | 006 | Кәсіпкерлік қызметті қолдау | 1361 |
| | | 467 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі | 19494 |
| | | | 026 | «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту | 19494 |
| | 9 | | | Басқалар | 451489 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 751 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру | 751 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 400000 |
| | | | 085 | Шағын және моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру | 400000 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 50738 |
| | | | 012 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві | 49585 |
| | | | 026 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 1153 |
| 14 | | | | Борышқа қызмет көрсету | 721 |
| | 1 | | | Борышқа қызмет көрсету | 721 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 721 |
| | | | 021 | Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 721 |
| 15 | | | | Трансферттер | 225205 |
| | 1 | | | Трансферттер | 225205 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 225205 |
| | | | 006 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 68176 |
| | | | 024 | Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 110035 |
| | | | 038 | Субвенциялар | 46567 |
| | | | 051 | Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер | 427 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредиттеу | 1062968 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 1114761 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 1107186 |
| | 1 | | | Тұрғын үй шаруашылығы | 1107186 |
| | | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 1107186 |
| | | | 053 | Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру | 1107186 |
| 10 | | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 7575 |
| | 9 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер | 7575 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 7575 |
| | | | 018 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер | 7575 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 51793 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 51793 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 51793 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -2327542 |
| | | | | VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 2327542 |

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 1258161 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Қарыздарды өтеу | 54483 |
| | 1 | | | Қарыздарды өтеу | 54483 |
| | | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 54483 |
| | | | 005 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 54482 |
| | | | 022 | Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару | 1 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 1123864 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 26 тамызындағы XXXVII сессиясының №37/326 шешіміне 2 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы XXX сессиясының №30/274 шешіміне 4 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АҒЫМДАҒЫ НЫСАНАЛЫ ТРАНСФЕРТТЕР МЕН НЫСАНАЛЫ ДАМУ ТРАНСФЕРТТЕРІ, КРЕДИТТЕР

| № р/с | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Барлығы: | 11043158 |
| | оның ішінде: | |
| | Ағымдағы нысаналы трансферттер | 2711683 |
| | Нысаналы даму трансферттері | 7073314 |
| | Бюджеттік кредиттер | 1258161 |
| | оның ішінде: | |
| | Ағымдағы нысаналы трансферттер, оның ішінде: | 2711683 |
| 1 | Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдерінің, педагог-психологтарының еңбекақы төлемін ұлғайтуға | 474877 |
| 2 | Цифрлық білім беру инфрақұрылымын құруға | 12211 |
| 3 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын арттыруға, оның ішінде: | 46571 |
| | мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайту | 10405 |
| | техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейту | 35936 |
| | Spina bifida диагнозды мүгедек балаларға біржолғы қолданылатын катетерлермен қамтамасыз ету | 230 |
| 4 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға, оның ішінде: | 164432 |
| | еңбекақы төлемін ішінара субсидиялау | 17872 |
| | жастар практикасы | 36359 |
| | жаңа бизнес идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар ұсыну | 51763 |
| | қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға қосымша тартуды қамтамасыз ету | 58438 |
| 5 | Жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге | 3321 |
| 6 | Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға | 2295 |
| 7 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге | 296882 |
| 8 | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша жұмыс кадрларын қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға | 82473 |
| 9 | Азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлерінің жалақысын көтеруге | 734381 |
| 10 | Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге | 20187 |
| 11 | Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын (қала көшелерін) және елді мекендердің көшелерін күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуден өткізуге, оның ішінде: | 200000 |
| | жолдарды орташа жөндеу | 200000 |
| 12 | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына | 160000 |
| 13 | Заңнаманың өзгеруіне байланысты төмен бюджеттердің шығындарын өтеуге | 158439 |
| 14 | Аз қамтылған көп балалы отбасыларға коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға | 355614 |
| | Нысаналы даму трансферттері, оның ішінде: | 7073314 |
| 15 | Жезқазған қаласындағы 900 орынға арналған мектептің құрылысы | 1246156 |
| 16 | Жезқазған қаласындағы Алашахан көшесі, 34Д 5 қабатты 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы | 141101 |
| 17 | Жезқазған қаласының Батыс тұрғын аймақтағы жеке тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы, 2 кезең (сумен жабдықтау) | 353312 |
| 18 | Жезқазған қаласының Батыс тұрғын аймақтағы жеке тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы, 2 кезең (электрмен жабдықтау) | 328732 |
| 19 | Жезқазған қаласының Батыс тұрғын аймақтағы көп қабатты тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым дамыту және жайластыру (сумен жабдықтау, кәріз, жылумен жабдықтау, байланыс желісі) | 349160 |
| 20 | Жезқазған қаласының Батыс тұрғын аймақтағы көп қабатты тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым дамыту және жайластыру (электрмен жабдықтау) | 144207 |
| 21 | Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жаңарту, 2-кезең | 429198 |
| 22 | Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жаңарту, 3-кезең | 251003 |
| 23 | Жезқазған қаласының қалаішілік су құбырлары желілерін қайта жаңарту, 1-кезең | 317311 |
| 24 | Жезқазған қаласының кәріз тазартқыш қондырғыларын қайта құрылымдау және жаңғыртуға жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу | 23324 |
| 25 | Жезқазған қаласы жылу желілерін реконструкциялау және жаңарту, 2 кезең | 400000 |
| 26 | Жезқазған қаласының шаруашылық ауыз суды тазартқыш қондырғыларын реконструкциялау, 3-кезең | 500000 |
| 27 | «Сарыарқа» магистральды газ құбыры «Жезқазған» автоматтандырылған газ тарату станциясынан бастап Жезқазған қаласының газ тарату желілерін салу | 2400000 |
| 28 | Жезқазған қаласында 320 көрермен орнына арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу | 100000 |
| 29 | Жезқазған қаласының 69-орамдағы Шевченко көшесі, 23А 3 қабатты 18 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы | 36552 |
| 30 | Жезқазған қаласы, 69-орам, Шевченко көшесі, 23А 3 қабатты 8 пәтерлі тұрғын үйге (электрмен жабдықтау) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу | 8307 |
| 31 | Жезқазған қаласы, 69-орам, Шевченко көшесі, 23А 3 қабатты 18 пәтерлі тұрғын үйге (су құбыры, кәріз, жылумен жабдықтау, телефондандыру, абаттандыру) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу | 44951 |
| | Бюджеттік кредиттер, оның ішінде: | 1258161 |
| 32 | Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру (Жезқазған қаласы жылу желілерін реконструкциялау және жаңарту, 1 кезең) | 1107186 |
| 33 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер | 7575 |
| 34 | Тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға кредит беру (Жезқазған қаласының 69-орамдағы Шевченко көшесі,23А 3 қабатты 18 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы) | 143400 |

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУЫЛДЫҚ ӘКІМДЕР АППАРАТТАРЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРЫ

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | Барлығы: | 69921 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 27878 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 42043 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 67297 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілдік, атқарушы және басқа органдар | 67297 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 67297 |
| | | | 001 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 52624 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 25788 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 26836 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 14673 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 303 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 14370 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 1007 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 1007 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1007 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 715 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 715 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 292 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 108 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 184 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 866 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 866 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 866 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 866 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 446 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 420 |
| 13 | | | | Басқалар | 751 |
| | 9 | | | Басқалар | 751 |
| | | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 751 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру | 751 |
| | | | | оның ішінде: | |
| | | | | Талап ауылы әкімінің аппараты | 518 |
| | | | | Малшыбай ауылы әкімінің аппараты | 233 |

►►9-бетте

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

### Газетіміздің жанашыры Ерболат Мизамбайұлы БРАЛИН!



Сізді қамал алар 40 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз!

Ерболат Мизамбайұлы, редакция ұжымы сізді газеттің ғана емес, сонымен қатар туған жеріңіз Теректі стансасының жанашыры ретінде таниды әрі бағалайды. Осынау мерейлі күні өндіріс саласындағы қажырлы еңбегіңізге табыс, шаттыққа толы шаңырағыңызға ырыс-береке тілейміз. Ұрпағыңызбен жүз жасаңыз!

*Ізгі тілекпен,*
**«SARYARQA» газетінің ұжымы**

# КҮМІС ҚОҢЫРАУ СЫҢҒЫРЫ

## *мектепке қайта шақырды*



**1 қыркүйек – енді ғана мектеп табалдырығын аттайтын балғын бүлдіршіндердің ғана емес, барша оқушылар мен ұстаздардың, бүкіл халықтың мерекесі. Дәл осы күні гүл шоқтарын құшақтаған балалардың жүрегін толқу сезімі кернеп, үлкендердің көңіліне сағыныш сезімі ұялайды. Жаңа оқу жылын мысты шаһар оқушылары мен ұстаздары қуанышпен қарсы алды.**

Биылғы жылы 126 баланы білім нәрімен сусындатқалы отырған мектептің бірі – № 3 ЖОББМ. Осыған байланысты мектепте 6 бірінші сынып ашылды. Оның біреуі – арнайы сынып. Жаңа оқу жылымен мектеп ұжымын Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова құттықтап, мерекелік шараға қонақ болды.

Көк байрағымызды желбіретіп, әнұранымыз шырқалған білім күнінде бүлдіршіндер ән айтып, би билеп, жиылған жұртшылыққа мерекелік көңіл күй сыйлады.

– Мен бүгін алты жасар немерем Әйгерімді бірінші сыныпқа алып келдім. Көңілінде қобалжу болғанымен, оның сабақты жақсы оқып, озаттар қатарынан көрінеріне сенемін. Отбасымызбен ойласа келе оның қазақ сыныбында оқығаны дұрыс деген тұжырымға келдік. Немерем ең бірінші болып өлең оқығанда көңілім босады, әрі жүрегімді қуаныш сезімі кернеді, – деген ақ жаулықты әже Тұрсынкүл Мұсакеева барша оқушыларға оқуда алда болуды, ұстаздарға табысты жыл болып, шәкірттері биік мәреден көрінуін тіледі.

Алғашқы қоңырау салтанатынан соң барлық оқушылар «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» атты тәрбие сағатымен жаңа оқу жылын үлкен құлшыныспен бастап кетті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# «ШЫҒЫСТЫҢ ҰЛЫ ҒҰЛАМАЛАРЫ»

## *атты әдеби альманах*

**Биыл сахараның ұлы ғалымы, біртуар ойшылы, тіл зергері Махмұт Қашқаридің туғанына 990 жыл және ортағасырлық көрнекті мемлекет қайраткері, тарихшы, ғалым, ақын Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатиге 520 жыл толып отыр. Осыған байланысты орталықтандырылған кітапхана жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Шығыстың ұлы ғұламалары» атты әдеби альманах өткізілді.**

Танымдық шараға қатысушы оқушылар шығыс ғұламаларының өмір жолы мен шығармашылығынан мол мағлұмат алып, кеңінен танысты. Махмұт Қашқари түркі тілімен қатар, араб және парсы тілдерінде еңбектер жазған. Оның еңбектерінің ішіндегі ең әйгілісі – «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы»). Онда көшпелілердің ой әлеміне қатысты тамаша мұра жинақталған. Бұл энциклопедиялық туынды 1072-1078 жылдары Бағдатта жазылған. Түпнұсқасы жоғалып кеткен. 1206 жылы М.А.Абулфатх жасаған жалғыз көшірмесі Стамбулда сақтаулы. Ал, XVI ғасырда ғұмыр кешкен көрнекті мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, атақты тарихшы, әдебиет майталманы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати өмірін Орта Азия, Шығыс Түркістан, Тибет, Үндістан елдерінде өткізген.

М.Х. Дулати тарихшы және қаламгер ретінде екі шығармасымен, яғни «Тарих-и Рашиди» мен «Жаһаннаме» еңбегімен зерттеуші-ғалымдар арасында кеңінен танылды. «Тарих-и Рашиди» деген кітабы парсы тілінде жазылған. Осы энциклопедиялық шығармада ұлттық тарихқа, мәдениетке қатысты түйінді ой-пікірлер, терең толғамдар, парасатты пайымдаулар мол. Мұхаммед Хайдар өз еңбегінде тек тарихты ғана жазып қоймаған. Сонымен қатар, адамзат құндылықтары, өмірдің мәні мен мағынасы туралы пәлсапалық ойларын түйіндеген. Өмірдің баянсыздығын, оның өтпелі екендігін айта келе бабамыз ұрпақтарын ізгілікке шақырған. Шығарма көркем ойлармен, өлең жолдарымен өрілген.

Ғұламалар жайында сыр шерткен кітапханашы «Сөнбес жұлдыздар» атты кітап көрмесіне шолу жасады. Сонымен қатар, жас оқырмандардың сұрақтарына жауап берді. Тұрақты оқырмандарға шығыстың әдебиет өкілдерін таныстырып, шығармашылығын насихаттауды мақсат тұтқан әдеби альманах өз деңгейінде өткізілді.

**Құралай ҚОЖЫРБАЕВА,**
**Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы**

## ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

# КӨРМЕ-ПАНОРАМА ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ АРНАЛДЫ

**Бүгінгі таңда күн тәртібіндегі өзекті де тағдыршешті мәселенің бірі – қазақ жазуын кирилл қаріптерінен латын әліпбиіне көшіру.**

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек», – деп атап айтқан еді. Тарихи тамыры терең тұғырлы тілімізді түлетіп, санамызды сілкінткен, заманның өзі талап еткен бұл бастама көпшіліктің қызу талқысына түсіп, қоғам арасында қос жақты пікір қалыптастырды. Бұл идеяны жақтаушылар да, даттаушылар да табылды. Осыған байланысты Ахмет Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының лингвист ғалымдары қазақ тіліне негізделген латын әліпбиінің көптеген нұсқаларын ұсынды. Алғашқы ұсынылған екі жобада орын алған қателіктер ескеріліп, жаңа әліпби жасалды. Елбасы 2025 жылға қарай толықтай көшуіміз керек деген жаңа әліпби ел тұрғындарына кеңінен таныстырылып жатыр.

Осыған орай, Жезқазған қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасында 26 тамызда тұрақты оқырмандармен «Латын әліпбиі – жастар таңдауы» атты көрме-панорама ұйымдастырылды. Шара барысында, кітапханашылар оқырмандарға латын әліпбиі туралы толық мәлімет берді. Әліпбидегі әріптермен таныстырып, ондағы үндестік заңын, дыбыстық-мағыналық құрылымын, буын, тасымал жігі мен сөйлеу ырғағын түсіндірді. Сонымен қатар, көрмеге қойылған баспа беттерінен алынған мағлұматтармен таныстырды.

**Рымкүл ШОРТАНБАЕВА,**
**Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы**

# «BILIM jáne ǴYLYM»

## *тақырыбында тамыз конференциясы өтті*

**«Bilim jáne ǵylym» атауымен өткен мұғалімдердің тамыз конференциясы Жезқазған қаласында жалғасын тапты. Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, Жезқазған қалалық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы Станислав Филипович қатысқан конференция Жезқазған қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов бастаған 200-ден аса педагог пен мектеп директорлары, мектепке дейінгі және мектептен кейінгі оқу орындарының басшылары келіп, оқу сапасындағы өзгерістермен, жаңа идеяларымен бөлісті.**



Қалалық мұғалімдердің тамыз конференциясы Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өтті. Ғимараттың бірінші қабатында инклюзивті және арнайы сыныпта оқитын балалардың қолдан жасаған бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып, олармен жұмыс барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер түсіндірілді. Олардың қатарында № 3 ЖОББМ-тің дефектологы Қарақат Сембина мен логопеді Венера Валиева да бар.

– Біздің мектепте 5 арнайы сынып, 5 инклюзивті сыныпта 68 бала оқиды. Бұндай сыныптарда оқитын 1 бала жалпы сыныпта оқитын 3 баламен теңестіріледі. Біз арнайы оқу бағдарламалары арқылы «ерекше балалармен» жұмыс жасаймыз. Соның нәтижесінде жалпы сыныптарға өтіп жатқан балалар да бар, – деді Қарақат Сембина.

Ал екінші қабатта оқушылар мектептерде ұйымдастырылған робототехника сыныптары негізінде құрастырып шығарған робот құрылғыларымен таныстырып, олардың жұмыс жасау жүйесін түсіндірді.

– Білім мен ғылым әрқашан да зор маңызға ие. Заман алға жылжыған сайын білім мен ғылым байланысы да нығая түсуде. Бүгінгі бала – ертеңгі ел болашағы. Олай болса, білім деңгейі мен шығармашылық қабілеті жоғары, оны ғылыммен ұштастыра білетін шәкірттер тәрбиелеу – ұстаздардың басты міндеті екендігін ұмытпауымыз қажет. Себебі XXI ғасыр – білім мен ғылымның ғасыры, –деген Зина Ақылбекова барша ұстаздарды жаңа оқу жылымен құттықтап, оларға толағай табыстар мен үлкен жетістіктер тіледі.

– 2019 жылы білім саласына бөлінген қаражат 6 млрд 648 млн 955 мың теңгені құрайды. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 1 млрд 385 млн 320 мың теңгеге артық. Соның нәтижесінде мектепке жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мектептерде робототехника, гидрофоника және IT-сыныптары ұйымдастырылды, – деген Жеңіс Әлмағанбетов «Кемел келешек кілті – білімде» атты баяндамасында конференцияға қатысушыларды атқарылған жұмыстар нәтижесімен таныстырды.

Конференция барысында Қ.Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейдің директоры Күлпәш Мұқашова «Жаңартылған білім мазмұны аясындағы жаңа бағыт» тақырыбындағы баяндамасын оқып, алты мектепке көшбасшылық етіп, магниттік мектеп жүйесін ұйымдастырып отырған № 7 мектеп-лицейінде атқарылып жатқан жұмыстармен және жаңартылған білім жүйесін мұғалімдердің жетістіктерімен таныстырды. Келесі баяндаманы иесі № 1 ЖОББМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жәудір Халманова жастар жылында мектептерде жүргізілген іс-шаралармен таныстырды.

Конференция барысында ұстаздық кәсіпті игеріп, жас маман атанып отырған он жасқа білім бөлімінің басшысы арнайы лента мен тілек қағаздарын табыстады. Және Зина Ақылбекова Жеңіс Әлмағанбетовке 2018 жылы мектеп бітірген қала мектептері түлектерінің ішінде педагогикалық мамандықты таңдаған шәкірттердің саусақпен санарлықтай ғана болғандығын атап өтіп, олардың ұстаздық мамандыққа қызығушылық танытуы үшін арнайы жұмыстар жүргізуді тапсырды. Сондай-ақ, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде білім алып жатқан педагог жастар арқылы кадр тапшылығын азайтуды жолға қою керектігін және осы мақсатта университет ректоры мен мектеп директорлары бірлескен нәтижелі жұмыстар ұйымдастыру керектігін ескертті.

Шәкірт тәрбиелеуде маңдай тері мен ерен еңбегін сарп еткен ұстаз жұмысы ескерусіз қалмасы сөзсіз. Соның бір дәлелі ретінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгісімен № 1 ЖОББМ директоры Абдрахман Досанов, «Қарағанды облысының білім саласына еңбегі сіңген қызметкер» төсбелгісімен Сәрсенкүл Ыбыраева, Сәуле Құтқонова марапатталды. Сонымен қатар, тағы жиырма төрт ұстазға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталары мен алғыс хаттары табыс етілді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

# МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕДЕГІ МАРАПАТ



**Мемлекеттің басты құндылығы саналатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ететін Конституция күні мерекесін Жезқазған қалалық сотының ұжымы өз деңгейінде қарсы алды. Әнмен әрленіп, домбыраның үнімен көмкерілген мерекелік шарада еңбегімен ерекшеленген сот қызметкерлері марапат төрінен табылды.**

– Биыл қазақстандықтардың тікелей дауыс беру арқылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Республика Конституциясына 24 жыл толды. Конституция қабылданғаннан бергі өткен уақыт тарихи өлшемдер тұрғысынан аз болғанымен, еліміз аяғына нық басып, әлемдік деңгейдегі орны жоғарлады. Айбыны асқақ, айдыны кең Конституция заңдылығы ел мен халық мүддесі үшін салиқалы да салмақты қызмет көрсетіп, азаматтардың құқығына және бостандығына нақты кепілдік беріп отыр. Тәуелсіз еліміздің басты құжаты барлық қазақстандықтарға бірдей құқық пен мүмкіндіктер ұсына отырып, келер ұрпақ пен мемлекетіміздің тағдыры үшін жауапкершілікті жүктейді. Бүгінгі таңда билік пен қоғамның басты мақсаты Конституцияда белгіленген жасампаз әлеуетті іске асыру болып отыр, – деп жиналғандар алдында сөзін жалғастырған қалалық әкім аппаратының жетекшісі Ержан Есетов бірқатар сот қызметкерлеріне Жезқазған қаласының Құрмет грамотасын тапсырды. Атап айтқанда, Жезқазған қаласының қоғамдық-саяси өміріне белсене атсалысқаны үшін Жанболат Шортанбаев, Қабылда Қадыров, Жұматай Айтбаева, Гүлсара Байгенжинова, Айнагүл Өксікбаева мен Айжан Нөгербекова марапатталды.

ҚР Жоғары сотының төрағасы Ж.Асановтың Алғыс хатын иеленген Қабылда Қадыров өз құттықтауында Ата заң әрбір азаматтың конституциялық құқығын танытып, әр қазақстандық бұлжытпай орындауы қажет заңдардың темірқазығы екендігін тілге тиек етіп, лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны үшін облыстық сот төрағасының Алғыс хатын Жанболат Шортанбаевқа, Қарағанды облысы бойынша соттар әкімшісінің басшысы Б.Нұрпейісовтің Алғысын Айнагүл Өксікбаева мен Тимур Алдабергеновке табыстады.

Музыкалық колледждің өнерлі оқушыларының сүйемелдеуімен өткен мерекелік жиында сот саласының ардагері Жұбаныш Мәсенов пен Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының мүшесі Виктор Осинцев әріптестеріне деген құттықтауларын жеткізсе, кәсіби медиатор Жұлдыз Есмурзина Жезқазған қаласында дауларды медиация тәртібімен шешу жолға қойылғаны қалалық сот ұжымының қолдауы нәтижесінде жүзеге асқандығын алға тартты. Және арадағы әріптестік қарым-қатынасты нығайту мақсатында Қабылда Қадыров бастаған сот қызметкерлерін Алғыс хатпен мадақтады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# ТАТУЛАСУ ОРТАЛЫҒЫ мен БИЛЕР КЕҢЕСІ АШЫЛДЫ

**Жезқазған қалалық әкімдігі ғимаратында билер кеңесі мен татуласу орталығының салтанатты ашылуы өтті.**



Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының дауларды соттан тыс шешу институттарын насихаттау және дамыту тапсырмасын орындай отырып, қоғамда жанжалды азайту бойынша халықпен тығыз қарым-қатынас орнататын бірыңғай алаң құру мақсатында Жезқазған қалалық сотының бастамасымен ашылған татуласу орталығы мен билер кеңесі тұрғындарға қолжетімді болуы үшін қалалық әкімдік ғимаратында орналасты. Қос кабинеттің ашылу салтанатын қалалық сот төрағасының міндетін атқарушы Қабылда Қадыров пен Жезқазған қаласы әкімі аппаратының басшысы Ержан Есетов жүргізді.

Жезқазған қаласы прокуратурасының аға прокуроры Рахымғазы Кенжетаев, Жезқазған қаласы полиция басқармасының анықтаушысы Думан Әлжаппаров, психолог Наталья Маслова, билер кеңесінің төрағасы Жұбаныш Мәсенов пен билер кеңесінің мүшесі Рахым Арыстанбаев, Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының мүшесі Виктор Осинцев қатысқан шараның алғы сөзін алған Қабылда Қадыров татуласу орталығында билер кеңесі, адвокат, медиатор, психолог сынды мамандар қала тұрғындарының даулы мәселелерін бейбіт жолмен шешу үшін жұмыла жұмыс жасайтынын алға тартты. Сонымен қатар, халық арасында дауларды шешудің баламалы түрлері кеңінен насихатталып, қоғамда орын алып жатқан қарама-қайшылықтардың саны азайып, азаматтардың құқықтық мәдениеті қалыптаса түсетініне сенім артты.

Азаматтар арасындағы дауларды реттеу бойынша қабылданып жатқан шаралардың маңыздылығына тоқталған шара қатысушылары қоғамдағы тұрақтылықты қолдау мен шиеленісті жоюда аталмыш кабинеттердің ролі зор екендігіне тоқталды. Әрі Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты мен Жезқазған қалалық сотына және Жезқазған қаласы әкімдігіне дауларды шешудегі рәсімдерді жеңілдету үшін жасалып жатқан игі бастамалар үшін алғыстарын білдірді.

**Бота ШАЛҚАР**

# МЕРЕКЕНІҢ МАЗМҰНЫН БАЙЫТТЫ

**1995 жылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына биыл 24 жыл толып отыр. Осынау мерейлі мерекені мысты шаһар тұрғындары да қуанышпен атап өтті. Конституция күніне арналған мерекелік концерт Алғашқы құрылысшылар алаңынан басталды.**



Шара барысында жиналған қауымға Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармонияның әншілері Қайрат Әбеуов, Руслан Исмайлов, Асхат Сағындықов, Зәуре Омарова, Мейрамкүл Бәкібаева, Берік Арыстан, Ләйла Бекбалақова, Айзада Әбдіхалықова, Перизат Несіпбаева әннен шашу шашты. «Шашу» халықтық ансамблі, «Асыл» ансамблі, «Нұрсәулем-ай» би тобы, «Аэлита» эстрадалық би тобының мың бұралған бишілері де жиналған жұртшылыққа мерекелік көңіл күй сыйлады.

Айшыққа толы атаулы күнді қала жастары да үлкен ықыласпен қарсы алды. «Ғарышкерлер» бульварында ұйымдастырылған мерекелік шараға халық көп жиналды. Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығы және «Step Forward» коворкинг-арт холының жастары қаламыздың икемді жастары арасында заманауи биден баттл ұйымдастырды. Баттл нәтижесінде Милана, Аружан, Әділ есімді жеткіншектер жеңіс тұғырынан көрініп, «Step Forward» коворкинг-арт холында өтетін фотосессияға жолдама алды. Бульвар ішін әуелеткен әсем би ырғағына ұйыған тұрғындар арасында флешмоб ұйымдастырылды. Сонымен қатар, қала тұрғындарын спортқа баулу мақсатында садақ ату және шахмат ойынынан жарыс ұйымдастырылды. «Company Orleu» ЖШС ұйымдастырған садақ ату жарысында ер адамдар арасында I орынды Ермек Жәнібеков, II орынды Бауыржан Әбдіқадыр, III орынды Еркін Кәмшатов, әйел адамдар арасында, I орынды Гүлайым Әубәкір, II орынды Мадина Бектасова, балалар арасында I орынды Сұлтан Ерәлиев, II орынды Нұрдәулет Бауыржан, III орынды Әділбек Олжабай иеленіп, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ал, Оспан Омаров төрешілік еткен шахмат ойнау жарысында Сәлімжан Шекбаев I орынды, Мансұр Жауқаш II орынды, Әлихан Шайхыисламов III орынды қанжығасына байлады. Сондай-ақ, ерекше ойын үлгісін көрсеткен Асылхан Арыстанбеков, Нұрмұханбет Сәбит, Асхат Мырзабеков, Вадим Гудовщиков арнайы сыйлықтарға ие болды.

Шара соңында «Step Forward» коворкинг-арт холы жанынан ұйымдастырылған «Аланым» жастар театры әртістік қабілеті бар 14-29 жас аралығындағы жастар арасында кастинг ұйымдастырды. Кастингке жетекшілік еткен жастың бірі – Ұран Жолдыбаев.

– Мен Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде «Саясаттану» мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Бала күнімнен театр өнеріне қызығып өстім. С.Қожамқұлов атындағы драма театрында басты рөлдерді сомдадым. Қазір оқудан сәл қолым босаса, «Step Forward» коворкинг-арт холына келемін. Мұнда талантты жастар өте көп. «Аланым» театрының құрамы жыл сайын өзгеріп тұрады. Соған орай, бүгінгі Конституция күнінде тұрғындар арасынан талантты жастарды жинағымыз келді. Кастингке 15-ке жуық жас келіп, бақ сынады. Біз олардың ішінен шын өнерлі жастарды таңдап, әрі қарай бірлесе жұмыс жасайтын боламыз, – деген Ұран барша қазақстандықтарды Конституция күнімен құттықтады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**